

## ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР БОЙЫНША 2013-2014 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТУРАҒА АРНАЛҒАН ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАР

### Іш сүзегі (29 тест)

1. 30 жастағы ер кісі, диагнозы: Іш сүзегі, ауыр ағымы. Асқынуы – ішектен қан кету. Іш сүзегінде ішектен қан кетудің үш белгісі:

+а) пульстің жиілеуі, тері жабындыларының бозаруының артуы, мелена

б) АҚ төмендеуі, метеоризмнің артуы, құрсақ бұлшықеттерінің дефансы

с) АҚ жоғарылауы, естің бұлыңғырлануы, тахикардия

д) тахикардия, іштің жайылған ауру сезімі, қан аралас диарея

е) АҚ төмендеуі, тахикардия, сол жақ мықын аймағының тұрақты ауру сезімі

2. 23 жастағы ер кісі, аурудың 8-ші күнінде қызбаның көтерілуі, басының қатты ауруына, әлсіздік, денесіне бөртпенің шығуына шағымданып келді. Аймақтық дәрігер «Іш сүзегі» диагнозына күдіктенді. Іш сүзегінде бөртпе қай жерде орналасады:

+а) кеуде және іш терісінде

б) арқа терісінде

с) кеуде және қолда

д) іште және аяқта

е) дененің барлық бөлігінде

3. Іш сүзегінің спорадикалық түрде кездесуіндегі негізгі инфекция көзі:

+а) бактерия тасымалдаушылар

- b) аурудың жеңіл және атипиялық түрімен ауыратын науқастар
- c) аурудың жасырын кезеңіндегі науқастар
- d) ауру шыңындағы науқастар
- e) іш сүзек реконвалесценттері

4. 29 жастағы әйел адам, жұқпалы аурулар ауруханасына аурудың 6-ші күнінде «Іш сүзегі» диагнозымен келіп түсті. Іш сүзегінде оң жақ мықын аймағында болатын триада симптомы:

- a) ішек спазмы, пальпация кезінде ауру сезімі, «қол астында» шұрылдауы
- +b) ішектің шұрылдауы, пальпация кезінде ауру сезімі, перкуторлы дыбыстың қысқаруы
- c) пальпация кезінде ауру сезімі, бұлшықет дефансы, іштің тітіркену симптомы
- d) сигма тәрізді ішектің спазмы, пальпация кезінде ауру сезімі, ішектің шұрылдауы
- e) кіндік аймағының пальпация кезіндегі ауру сезімі, «қол астында» шұрылдауы, гепатомегалия

5. Іш сүзегіндегі бөртпе сипаты:

- a) геморрагиялық
- b) дақты-папулезді
- +c) розеолезді
- d) везикулезді
- e) «есекжем» типі бойынша

6. Іш сүзегінде асқазан-ішек жолдарының зақымдалу симптомдарына тән:

- a) асцит
- b) сигма тәрізді ішектің спазмы

- с) эпигастрий аймағының ауру сезімі
- +d) Падалка симптомы
- е) Ортнер симптомы

7. Іш сүзегіне тән симптомдар:

- а) қызбаның болмауы
- б) денеде петехиальді бөртпелердің болуы
- +с) брадикардия, гипотония, пульс дикротиясы
- d) Курвуазье симптомы
- е) көптеген бөртпелер

8. Іш сүзегімен ауырған науқас «қара» түсті нәжіске шағымданады, қандай асқыну дамыған:

- а) перфорация
- +b) қан кету
- с) жаралы колит
- d) ішектің жеделөтпеуі
- е) инфекциянды-токсикалық шок

9. Іш сүзегінің диагнозын этиологиялық тұрғыдан дәлелдеу үшін қандай зерттеу жүргізу керек:

- а) жалпы қан анализі
- +b) гемокультура
- с) рентгенологиялық зерттеу
- d) УДЗ
- е) лапароскопия

10. Іш сүзегімен дифференциалды диагноз жүргізуді қажет ететін ауру:

- а) тағамдық токсикоинфекция
- б) дизентерия
- с) менингококкцемия

- d) геморрагиялық қызба
- +e) ку-қызбасы

11. Іш сүзегіне тән белгі:

- +a) тұрақты қызба
- b) сарғаю
- c) геморрагиялық қызба
- d) колит
- e) «шымшу»симптомы

12. Іш сүзегіне тән:

- +a) қызба
- b) бас аурудың болмауы
- c) бөртпе аурудың бірінші күні байқалады
- d) профузды іш өту
- e) бетінің қызаруы

13. 30 жастағы ер кісі, «Іш сүзегі, ауыр ағымы» диагнозымен, аурудың 10-ші күнінде, ауруханада жатқанының 4-ші күнінде науқаста кенеттен іштің кебуі, іштің қатты ауру сезімі, ауыздың құрғауы, ішекте перистальтика дыбысының жоғалуы және дене қызуының күрт төмендеп, тахикардия пайда болған.

Іш сүзегі кезінде арнайы асқынуды анықтаңыз:

- a) дегидратация
- +b) ішек перфорациясы
- c) тыныстың жеделжетіспеушілігі
- d) бауырдың жеделжетіспеушілігі
- e) бүйректің жедел жетіспеушілігі

14. Іш сүзегінің арнайы асқынуы:

- a) гиповолемиялық шок

- +b) инфекциялық-токсикалық шок
- c) қан түкіру
- d) бауырдың жедел жетіспеушілігі
- e) бүйректің жедел жетіспеушілігі

15. 23 жастағы, ер кісі, аурудың 8-ші күнінде қызбаның көтерілуі, басының қатты ауруына, әлсіздік, денесіне бөртпенің шығуына шағымданып келді. Аймақтық дәрігер «Іш сүзегі» диагнозына күдіктенді.

Іш сүзегіне тән терідегі бөртпе сипаты:

- a) петехиальды бөртпе
- b) эритема
- c) дақты-папулезді бөртпе
- +d) розеолалар
- e) везикулалар

16. Іш сүзегіне тән патоморфологиялық өзгерістер:

- a) ішектегі серозды қабыну
- b) тоқ ішектегі жаралы-некротикалық процесс
- +c) жіңішке ішектегі жаралы-некротикалық процесс
- d) псевдомембранозды колит
- e) ішектің қалыпты шырышты қабаты

17. Іш сүзегі патогенезінің басым тізбегі:

- +a) бактериемия
- b) вирусемия
- c) қан тамырларының өткізгіштігінің жоғарылауы
- d) экзотоксиннің бөлінуі
- e) асқазан-ішек жолдарынан қоздырғыштың табылуы

18. Іш сүзегіне тән қызба:

- a) интермиттирлеуші

- b) субфебрильді
- c) гектикалық
- +d) тұрақты
- e) ремитирлеуші

19. Іш сүзегіне тән классикалық қызба қисығы:

- +a) трапеция тәрізді (Вундерлих)
- b) 3-күндік
- c) ұстама тәрізді
- d) субфебрильді
- e) бұрмаланған

20. Іш сүзегінің негізгі патоморфологиялық өзгерістері АІТ қай бөлімінде шоғырланады:

- a) сигма тәрізді ішекте
- b) тік ішекте
- +c) мықын ішекте
- d) көлденең тоқ ішекте
- e) асқазанда

21. Іш сүзегінің клиникасына тән белгі:

- a) беттің қызаруы
- b) геморрагиялық синдром
- c) ұлғайған, тығыз көкбауыр
- +d) брадикардия
- e) дене температурасының қалыпты болуы

22. Іш сүзегіне тән симптом:

- a) бұлшық еттегі ауру сезімі
- b) қалтырау және тершеңдік
- c) белдегі ауру сезім
- d) полиаденит

+e) тұрақты қызба

23. Іш сүзегінде бөртпенің пайда болу мерзімі:

- a) аурудың 1-3 күні
- b) аурудың 4-7 күні
- +c) аурудың 8-10 күні
- d) аурудың 14 күні
- e) барлық қызбалық кезеңде

24. Іш сүзегіне ерте диагноз қою үшін қолданылатын лабораториялық әдіс:

- +a) қанды егу
- b) өтті егу
- c) зәрді егу
- d) Видадь реакциясы
- e) тікелей емес гемагглютинация реакциясы

25. Қай жұқпалы ауру кезінде бактериологиялық әдіс қолданылады:

- a) амебиаз;
- b) тениоз;
- c) вирусты гепатит;
- +d) іш сүзегі;
- e) лейшманиоз.

26. Іш сүзегімен жиі қай жастағы адамдар ауырады:

- +a) 15-20 жас
- b) 5-7 жас
- c) 40-50 жас
- d) 2-4 жас
- e) 60 жастан жоғары

27. 45 жастағы әйел адам, аурудың 5-ші күнінде үйінде аймақтық дәрігерге қаралды.

Қарау кезінде: дене қызуы –  $38,5^{\circ}\text{C}$ , жағдайы орташа ауырлықта, дене жамылғысы бозғылт, тілі ісінген, тілінде тісінің іздері бар. Іші кебінген, оң жақ мықын аймағында ауру сезімі, ішектері құрылдап және перкусия кезінде перкуторлы дыбыстың қысқаруы, бауыр мен көк бауырдың ұлғаюы, іштің қатуы айқындалған.

ай ауру туралы ойлауға болады?

- a) жедел дизентерия
- b) сальмонеллез
- c) тырысқақ
- d) іш сүзегі+
- e) листериоз

28. Іш сүзегін жұқтыру механизмі:

- a) трансмиссивті
- b) аспирациялық
- +c) фекалды-оралды
- d) тұрмыстық-қатынас
- e) парентералді

29. Іш сүзегіне тән асқыну:

- a) мидың ісінуі
- b) тыныс орталығының парезі
- +c) ішектен қан кету
- d) жұмсақ тіндерінің некрозы
- e) гиповолемиялық шок

**Дизентерия (11 тест)**

30. Дизентерияның ауыр түрінің этиотропты емінде қолданылатын дәрі:



- a) доксициклин
- b) ампициллин
- +c) ципрофлоксацин
- d) цефазолин
- e) гентамицин

31. Дизентерияның жеңіл түрінің этиотропты емінде қолданылатын дәрі:

- a) доксициклин
- b) ампициллин
- +c) фуразолидон
- d) цефазолин
- e) гентамицин

32. Дизентерияға тән синдром:

- a) гастрит
- +b) колит
- c) энтероколит
- d) гастроэнтерит
- e) гастроэнтероколит

33. Жедел дизентерияға тән ішектегі патоморфологиялық өзгерістер:

- a) жаралы -некрозды проктосигмоидит
- +b) катаральді-эрозивті проктосигмоидит
- c) фибринозды-некрозды проктосигмоидит
- d) жаралы проктосигмоидит
- e) катаральді проктосигмоидит

34. 40 жастағы ер адам, бас ауыруына, әлсіздікке, іштің ауыру сезіміне, 10 ретке дейінгі жиі іштің өтуіне шағымданып, ауруханаға түсті. 20 күн бойы ауырады:

тәулігіне 5 рет іштің өтуі, іштің ауыру сезімі, субфебрильді температура. Түскен кезде: жағдайы қанағаттанарлық, оң жақ мықын аймағындағы ауыру сезімі, соқыр ішектің тығыздануы анықталады. Нәжісі сұйық, қан қосылған, шыны тәрізді.

Ықтимал диагноз?

- a) жедел дизентерия
- b) сальмонеллез
- c) тырысақ
- +d) амебалық дизентерия
- e) иерсиниоз

35.34 жастағы ер адам аурыуның 2-ші күні ішіндегі толғақ тәрізді ауыру сезімге, әлсіздікке, дене қызуының жоғарылауына, іштің 15 ретке дейін өтуіне шағымданып, ауруханаға түсті. Температурасы 38,8°C. Қан қысымы-100/70 мм с. б. Пульсі 92 рет\1 мин. Сигма тәрізді ішек жиырылған, пальпация кезінде ауыру сезімді. Нәжісі аз мөлшерлі, шырыш пен қан қосылған.

Болжам диагнозы:

- a) тағамдық токсикоинфекция
- +b) жедел дизентерия
- c) сальмонеллез
- d) амебиаз
- e) тырысақ

36.25 жастағы әйел адам, табиғатқа шыққан демалыстан кейін жедел ауырған. Температурасы 39,2°C, қалтырау, бастың ауыруы және айналуы, құсу (бір рет) пайда болған. Кейіннен ішінің толғақ тәрізді ауыру сезімі, тәулігіне 20 ретке дейін іштің өтуі (бастапқыда көп мөлшерлі, нәжісті, екі күннен кейін нәжістік сипаты жоғалып, шырыш пен қан қосылған)

болған. Тенезмдер, дефекацияға жалған шақырулар байқалған.

Қандай негізгі клиникалық синдромдар диагноз қоюға мүмкіндік береді?

- a) энтериттік және дегидратациялық
- +b) колиттік және интоксикациялық
- c) дегидратациялық
- d) қызбалық
- e) диареялық

37. Студент, 18 жаста, жатақханада тұрады, жедел ауырған, дене қызуы  $39^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілген, қалтырау байқалып, басы ауырған, әлсіздік дамыған, іші бүріп ауырып, 1 рет құсқан, тәулігіне 7-8 рет іші өткен. Іші жұмсақ, сол жақ мықын аймағында ауру сезімі байқалады. тұйық, тұрақты. Нәжісі ботқа тәрізді, шырыш пен қан араласқан.

Сіздің болжама диагнозыңыз:

- a) амебиаз
- +b) дизентерия
- c) сальмонеллез
- d) тағамдық токсикоинфекция
- e) созылмалы гастроэнтерит, өршу

38. 27 жастағы әйел адам жедел ауырған: жүрек айнуы, қайталамалы құсу, кіндік айналысындағы ауру сезімі пайда болған. Аурудың үшінші күні дене қызуы –  $38,5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылап, әлсіздік қосылған. Тексергенде: ішінің сол жақ мықын аймағында ауру сезімі, жиырылған ауру сезімді сигма ішек анықталады. Нәжісі аз мөлшерлі, шырышты. Болжама диагнозыңыз:

- a) сальмонеллез, жайылмалы түрі, септикалық вариант
- b) жедел дизентерия, гастроэнтероколиттік түрі

- +с) жедел дизентерия, колиттік түрі
- d) тағамдық токсикоинфекция
- e) эшерихиоз, дизентерия тәрізді түрі

39. 24 жастағы ер адамға «Жедел дизентерия, колиттік түрі, жеңіл дәрежесі» диагнозы қойылған. Даяшы қызметін атқарады. Сіздің тактикаңыз?

- +a) эпидемиялық көрсеткіштер бойынша жұқпалы ауруханаға жатқызу
- b) үй жағдайында емдеу
- c) асқазанды жуу, жағдайы жақсарғанда – амбулаторлық жағдайда емдеу
- d) клиникалық көрсеткіштер бойынша жұқпалы ауруханаға жатқызу
- e) антибиотиктерді тағайындау және амбулаторлы жағдайда тексеру

40. 39 жастағы әйел адам, табиғатқа шыққан демалыстан кейін жедел ауырған. Температурасы  $39,2^{\circ}\text{C}$ , қалтырау, бастың ауыруы және айналуы, бір рет құсқан пайда болған. Кейіннен ішінің толғақ тәрізді ауыру сезімі, тәулігіне 20 ретке дейін іштің өтуі (бастапқыда көп мөлшерлі, нәжісті, екі күннен кейін нәжістік сипаты жоғалып, шырыш пен қан қосылған) болған. Тенезмдер, дефекацияға жалған шақырулар айқалған. Этиотропты препаратты таңдаңыз:

- a) доксициклин
- b) линекс
- c) неомицин
- +d) ципрофлоксацин
- e) цефтриаксон

**Тырысқак ( 23 тест)**

41. Тырысқақ кезіндегі асқыну:

- a) инфекциялық-токсикалық шок;
- +b) гиповолемиялық шок;
- c) ішектің тесілуі;
- d) перитонит;
- e) қан кету.

42. Тырысқақты негізгі диагностикалау әдісі:

- a) аспапты;
- +b) бактериологиялық әдіс;
- c) серологиялық әдіс;
- d) тері-аллергиялық әдіс;
- e) вирусологиялық әдіс.

43. Тырысқақтың патогенетикалық емінде қолданатын дәрі:

- a) сары су;
- +b) тұзды ерітінділер;
- c) дезинтоксикациялық терапия;
- d) қан құю;
- e) арнайы диета.

44. Тырысқақ патогенезінің негізгі тізбегі:

- a) аш ішектің шырышты қабатының қабыну реакциясы
- +b) энтероциттердің ферментті жүйесінің зақымдалуы
- c) гемоколит
- d) токсинемия
- e) гепатоциттердің некрозы

45. Әйел адам, Өзбекістанда бір апта сапарда болып, қыркүйек айында келді. Келесі күні жиі құсумен және жиі сулы сұйық нәжіспен жедел ауырып бастаған. Дене қызуы – 36 С. Әлсіздік, аяқ-қолдарының құрысулары пайда болып,

даусы қарлыққан. Қарап тексергенде: жағдайы ауыр. Тері жабындылары бозғылт, құрғақ, акроцианоз. Бет әлпеті үшкірленген. Жүрек тондары бәсеңдеген, ҚҚ – 90\60 мм с.б. Іші ішке қарай тартылған. Зәр мөлшері азайған. Диагнозыңыз:

- a) сальмонеллез
- b) иерсиниоз
- +c) тырысқақ
- d) тағамдық токсикоинфекция
- e) ботулизм

46. <30 форма>деген код қай ауруды белгілейді:

- a) оба
- +b) тырысқақ
- c) пастереллез
- d) иерсиниоз
- e) іш сүзегі

47. Қазіргі таңда тырысқақтың анағұрлым жиі кездесетін нұсқасы:

- a) гиповолемиялық экзотоксикалық
- b) нормоволемиялық эндотоксикалық
- c) аралас экзоэндотоксикалық
- d) нормоволемиялық, атоксикалық
- +e) субклиникалық

48. Тырысқақпен ауырған науқастан диагностикалық анализдерді алу ережесі:

- a) тәулігіне 3-рет
- +b) 3-рет бір сағат ішінде
- c) бір рет
- d) 2-рет тәулігіне
- e) 2-рет бір сағат ішінде

49. Тырысқақтың 7 пандемиясын тудырған қандай қоздырғыш?

- a) *Vibrio cholerae* Classica
- +b) *Vibrio cholerae* Eltor
- c) *Vibrio cholerae* Bengal
- d) *Vibrio paracholerae*
- e) *Vibrio cholera non 01*

50. Эпидемиялық тырысқаққа тән:

- +a) холерогенді штаммен тудырылады
- b) гиповолемиялық түрі дамымайды
- c) су маңындағы биоценоздың жануарлары қоздырғыш көзі болып табылады
- d) ахолерогенді штамдармен шақырылады
- e) эпидемияға қарсы шараларды жүргізбеуге болады

51. Эпидемиялық емес немесе спорадикалық тырысқаққа тән:

- a) холерогенді штаммен тудырылады
- b) инфекция көзі адам
- +c) су маңындағы биоценоздың жануарлары қоздырғыш көзі болып табылады
- d) гиповолемиялық түрі дамиды
- e) эпидемияға қарсы шараларды міндетті түрде жүргізу керек

52. Тырысқақтың гиповолемиялық түрінің ауырлық дәрежесін көрсететін синдром:

- a) интоксикация;
- b) қызба;
- +c) дегидратация;
- d) басының ауруы;
- e) жүрегі айну.

53. Тырысқақтың гиповолемиялық түріне тән симптом:

- a) құсу
- b) қызба,
- c) шырыш пен қан арласқан сұйық нәжіс
- +d) сұйық су сияқты нәжіс
- e) тенезмдер

54. Тырысқақтың нормоволемиялық түріне тән симптом:

- a) цианоз
- b) даусының қарлығыуы,
- +c) шырышы бар сұйық нәжіс,
- d) полиаденит
- e) құрысулар

55. Тырысқақтың нормоволемиялық түрінде дамуы мүмкін белгі:

- a) цианоз
- b) сусызданудың 3-4 дәрежесі
- +c) сусызданудың 1-2 дәрежесі,
- d) даусының қарлығыуы,
- e) құрысулар

56. Тырысқақтың гиповолемиялық түрінде дамиды асқыну:

- a) инфекция-токсикалық шок
- +b) гиповолемиялық шок
- c) ішек перфорациясы
- d) перитонит
- e) қан кету

57. Тырысқақты дәлелдейтін лабораторлы-этиологиялық әдіс:

- a) аспаптық;
- +b) бактериологиялық;



- c) серологиялық
- d) терілік-аллергиялық
- e) вирусологиялық.

58. Тырысқақтың гиповолемиялық түрінде көрсетілетін жедел көмек:

- a) дезинтоксикация;
- b) дегидратация;
- +c) регидратация;
- d) вазопрессорлар;
- e) диуретиктер

59. Тырысқақты емдеуде қолданылатын эффективті этиотропты дәрілер:

- +a) ципрофлоксацин;
- b) тетрациклин;
- c) нитрофурандар;
- d) пенициллин;
- e) эритромицин.

60. Тырысқақ кезінде 3-ші дәрежелі сусыздану дамығанда қандай регидратациялық ем қолданылады:

- a) гемодез
- b) полиионды ерітіндіні 120 тамшыдан/минутына енгізеді
- c) 10% глюкоза ерітіндісі
- d) реополиглюкин
- +e) полиионды ерітіндіні 100 мл/минутына енгізеді

61. Тырысқақтағы диарея дамуындағы негізгі патогенетикалық механизмді ата:

- a) ішектің шырышты қабатының қабынуы
- b) вибрионның энтероциттердің ішіне енуі

- +с) холерогеннің энтероциттердің аденилатциклазасын активтеуі
- d) сұықтықтың сіңірілуінің бұзылуы
- e) ішек құрамындағы заттардың тез шығарылуы

62. Тырысқаққа тән нәжістің сипаты

- a) көп мөлшердегі жағымсыз иісті батпақ балдырлары түстес нәжіс
- +b) күріш қайнатпасы тәрізді
- c) шырышты қан аралас
- d) бүлдірген желесі тәрізді
- e) сұйық, көп мөлшерде қорытылмаған тағам қалдықтарымен

63. Аурудың жедел басталуы, іштегі аурсынусыз өтетін күніне 7-10 ретке дейін іш өтумен, нәжісінің су сияқты қоспаларсыз болуымен, дене қызуының қалыпты және жүрегі айнуысыз тәулігіне 5-6 рет құсумен жүретін симптомкомплекс қай ауруға тән:

- a) дизентерия
- b) эшерихиоз
- +c) тырысқақ
- d) псевдотуберкулез
- e) ішек иерсиниозы

### **Сальмонеллез (13 тест)**

64. Сальмонеллез кезінде бактериологиялық зерттеуге алынады (ең толық жауап):

- a) зәр, нәжіс, қан
- b) нәжіс, шайынды сулар, өт суы, қақырық
- c) қан, зәр, шайынды сулар
- +d) нәжіс, зәр, қан, шайынды сулар, өт суы
- e) зәр, қан, өт суы

65. Сальмонеллез кезіндегі берілу факторлары (ең толық жауап):

- a) консервіленген көкөністер
- b) жуылмаған жемістер, көкөністер
- c) қайнатылмаған су
- d) қуырылған және консервіленген саңырауқұлақтар
- +e) жұмыртқа, тауық-гриль

66. Сальмонеллез кезіндегі жасырын кезеңнің ұзақтығы:

- a) 6-12 сағат
- +b) 24-72 сағат
- c) 3-4 күн
- d) 5 күн
- e) 7 күн

67. Сальмонеллезге тән асқазан –ішек жолдарының зақымдану синдромы:

- a) гастрит
- b) колит
- c) энтероколит
- +d) гастроэнтерит
- e) гастроэнтероколит

68. Жеңіл және орташа ауырлықтағы сальмонеллездің негізгі емдеу әдісі:

- a) антибиотиктер
- b) дегидратация
- +c) регидратация
- d) ферменттер
- e) гормональды терапия

69. Сальмонеллездің ошақты түріне қандай асқыну тән:

- a) ішектен қан кету
- +b) гиповолемиялық шок
- c) инфекциянды-токсикалық шок
- d) перитонит
- e) ішек перфорациясы

70. Сальмонеллездің жайылмалы түріне қандай асқыну тән:

- a) ішектен қан кету
- b) гиповолемиялық шок
- +c) инфекциянды-токсикалық шок
- d) перитонит
- e) ішек перфорациясы

71. Сальмонеллез патогенезін дизентериядан ажырататын негізгі тізбегі:

- a) экзотоксиннің әсері
- +b) бактериемия
- c) жүйке жүйесінің зақымдалуы
- d) инвазивті диарея
- e) ферментативті бұзылыстар

72. 20 жастағы ер адам, студент, жатақханада тұрады.

Кенеттен жүрек айну, бас айналу, дене температурасы  $39^{\circ}\text{C}$ қа дейін көтерілу мазалады. Бір рет көп көлемді сипатта сұйық нәжіс байқалған, содан кейін кенет дене температурасы  $35^{\circ}\text{C}$  дейін түсіп, суық тер пайда болды. Объективті тексергенде: тамыр соғысы анықталмайды, қан қысымы тез түсіп кетті.

Тахикардия 120 рет/мин.

Болжама диагнозыңыз:

- +a) сальмонеллез, инфекциялы-токсикалық шок
- b) сальмонеллез, гиповолемиялық шок

- с) тырысқақ, гиповолемиялық шок
- д) іш сүзегі, инфекциялы-токсикалық шок
- е) тағамдық улану, гиповолемиялық шок

73. Сальмонеллездің гастроинтестиналды формасындағы патогенезінің негізгі тізбегі

- +а) катаралды гастроэнтерит
- б) ұзаққа созылған бактеремия және токсинемия
- с) токсикалы энтерит
- д) жаралы проктосигмондит
- е) гепатоциттердің дистрофиясы

74. Сальмонеллездің жайылмалы формасындағы патогенезінің негізгі тізбегі:

- +а) ұзаққа созылған бактеремия және эндотоксинемия
- б) дегидратациялық шоктың дамуы
- с) ішек инервациясының бұзылуы
- д) ішектің дисбактериозының дамуы
- е) гранулематозды колит

75. Сальмонеллездің ең жиі кездесетін түрі:

- а) гастриттік
- б) сүзек тәрізді
- +с) гастроэнтериттік
- д) гастроэнтероколиттік
- е) септикопиемиялық

76. Сальмонеллездің гастроинтестиналды түрінде патологиялық үрдіске жиі ұшырайтын мүше:

- а) бауыр
- б) ұйқы безі
- +с) аш ішек

- d) сигма тәрізді ішек
- e) тік ішек

### **ТТИ. (11 тест)**

77. Тағамдық токсикоинфекция кезінде АІЖ жиі кездесетін синдром:

- +a) гастрит
- b) колит
- c) энтероколит
- d) гастроэнтерит
- e) гастроэнтероколит

78. Тағамдық токсикоинфекциямен ауырған науқастарға тән нәжіс:

- a) көп мөлшерде, жағымсыз иісті, балдыр түстес
- b) аз мөлшерде шырышты, қан аралас
- c) сұйық, қорытылмаған тағам қалдықтарымен
- +d) сұйық, көп мөлшерде ет жуындысы тәрізді
- e) сұйық күріш қайнатпасы тәрізді

79. Регидратациялық терапияға жатады:

- a) глюкозаның 5% ерітіндісі
- b) инфезол
- +c) хлосоль
- d) альбумин
- e) реополиглюкин

80. ТТИ-ның эпид. анамнезіне тән:

- a) маусымдылық
- b) кәсіби ерекшеліктер
- c) жұқпалылық
- d) эпидемиялық таралуы

+e) топтық сипат

81. Дизентериядан ажырататын ТТИ-ң белгісі:

- a) сигма ішегінің спазмы
- b) тенезмдер, жалған шақырулар
- c) шырыш пен қан араласқан аз көлемді нәжіс
- d) клиникалық көріністерінің ұзақтығы
- +e) сусызданудың дамуы

82. ТТИ-ға тән:

- a) жұқпалылық
- b) маусымдылық
- +c) қысқа инкубациялық кезең
- d) 7 тәулікке дейінгі жасырын кезең
- e) айқын интоксикация симптомдары.

83. ТТИ кезіндегі лабораторлық зерттеулердің негізгі әдісі:

- a) серологиялық
- +b) бактериологиялық
- c) биологиялық
- d) аллергологиялық
- e) иммундыферменттік

84. ТТИ кезіндегі орташа ауырлықтағы науқасқа көрсетілетін бірінші кезектегі шара:

- a) антибактериальді терапия
- b) жүрек-қан тамырларының дәрілері
- +d) асқазанды шаю
- c) тамыр ішіне тұзды еітінділер
- e) ферменттер

85. ТТИ-ны негізгі емдеу әдісі:

- a) антибактериальді терапия
- b) асқазанды шаю
- c) дезинтоксикация
- d) дегидратация
- +e) регидратация және реминерализация

86. 37 жастағы ер адамда дәмі өзгерген тағамдарды қолданғаннан кейін 6 сағаттан соң көпреттік құсу, жиі іш өту, іштегі ауыру сезімі, әлсіздік, гипотония пайда болған. Нәжісі сулы, көп мөлшерлі, «ет жуындысы» тәрізді. Асқазанды жуып, тазарту клизмасын жасаған соң жағдайы тез жақсарды. Болжам диагнозыңыз:

- a) сальмонеллез
- b) дизентерия
- +c) тағамдық токсикоинфекция
- d) токсикалық энтерит
- e) амебиаз

87. Тағамдық токсикоинфекция және миокард инфарктының салыстырмалы диагностикасы кезінде қандай клиникалық синдром ЭКГ жасауға тікелей көрсеткіш болып табылады:

- a) қызба
- b) диарея
- +c) ауру сезімі
- d) диспепсия
- e) астеновегетативті

**100% Гулназ**

**Ботулизм (35 тест)**

88. Ботулизм үшін тән эпидемиологиялық фактор:

- a) жәндіктің шағуы
- b) сапасыз ет өнімін пайдалану
- +c) үй жағдайында консервіленген тағамды пайдалану



- d) кондитер өнімдерін пайдалану
- e) шикі суды пайдалану.

89. Құрамында ботулотоксин болуы мүмкін, қауіп төндіретін тағамдар:

- a) қуырылған саңырауқұлақ
- +b) консервирленген азық түлік
- c) шала пісірілген шашлык
- d) тауық еті
- e) жаңа капуста салаты

90. Ботулизмді жұқтыру мынандай тағамдарды қолданған кезде байқалады:

- a) қуырылған жұмыртқа
- +b) консервіленген жемістер
- c) шала қуырылған ет
- d) кремi бар тоқаштар
- e) холодецті

91. Ботулизм кезінде қандай құрылым зақымдалады:

- a) гепатоциттер
- b) бас ми қыртысы
- +c) сопақша ми мотонейроны
- d) жұмсақ ми қабықшасы
- e) бүйрекүсті безінің қыртысы

92. Ботулотоксинің адам организміне әсері:

- a) миды зақымдайды
- b) ішектің лимфоидты аппаратының зақымдалуы
- c) аш ішектің нервтерінде қабыну реакциясының дамуы
- +d) холинергиялық нерв ұштарынан ацетилхолиннің бөлінуін тежейді

е) бұлшықеттердің тетаникалық тырысуын шақырады

93. Ботулотоксиннің сіңірілуі кезінде қай жүйе зақымдалады:

+a) жүйке

b) асқазан ішек жолдарының шырышты қабаты

c) бауыр

d) өкпе

e) лимфатикалық жүйе

94. Ботулизм патогенезінің негізгі тізбегі

+a) тегіс салалы бұлшық еттердің парезі

b) бас миының ісінуі

c) бактеремия

d) ферментемия

e) мүшелерде дистрофиялық өзгерістердің дамуы

95. Ботулизмге қандай синдром тән:

a) тырысу

b) артралгиялық

c) сарғаю

+d) офтальмоплегиялық

e) астеновегетативті

96. Ботулизм кезіндегі басым синдром:

a) астеновегетативті

+b) паралитикалық

c) интоксикациялық

d) құрысулық

e) гастроинтестиналді

97. Ботулизмде байқалатын алғашқы белгі:

+a) диспепсиялық синдром

- b) көрудің бұзылуы
- c) жұтудың бұзылуы
- d) интоксикация синдромы
- e) тыныс алудың бұзылуы

98. Ботулизмнің ауырлығын көрсететін критерий:

- a) температураның көтерілуі
- b) көп мөлшерде құсу және іш өту
- c) іш ауруы
- d) ұзақ инкубациялық кезең
- +e) бульбарлы бұзылыстардың айқындылық дәрежесі

99. Ботулизмге тән синдром:

- +a) паралитикалық
- b) катаралды
- c) менингеалды
- d) қызбалық
- e) респираторлы

100. Ботулизмнің бастапқы кезеңіне тән синдром

- +a) гастроинтестиналді
- b) грипп тәрізді
- c) тырысулық
- d) өкпелік
- e) астеновегетативті

101. Ботулизмнің бастапқы кезеңіне ең тән симптомдар:

- +a) көрудің нашарлауы, көз алдында «тор» болуы
- b) саливация, еңтігу
- c) шашалу
- d) тыныстың қиындауы
- e) сөйлеу бұзылыстары

102. Ботулизмнің ауырлығын көрсететін симптом:

- a) саливация
- b) жоғары температура
- +c) тыныс алудың қиындауы
- d) көрудің нашарлауы
- e) шашалу

103. Ботулизмнің өршу кезеңіне ең тән симптом

- +a) қатты және сұйық тағамдарды жұтудың қиындауы
- b) температураның көтерілуі
- c) естудің нашарлауы
- d) қозғалыс бұзылыстары
- e) ес бұзылыстары

104. Ботулизмнің сальмонеллезден айырмашылығын көрсететін типті көрінісі:

- a) әлсіздік
- +b) көрудің нашарлауы <заттың екі еселенуі>
- c) қан және шырыш араласқан нәжіс
- d) құсу
- e) іштің ауыруы

105. Студент, 20 жасар, айқын әлсіздік, көз алдындағы «тұман», жүрек айну, құсу, асқазан тұсында ауырсыну, көзді аша алмау, жұтынудың қиындалуы, жүрек қағысының жиілеуі, бір реттік іш өтуге шағымданып ауруханаға түсті. Болжам диагнозы: ботулизм.

Ботулизмге қандай клиникалық көрініс тән:

- +a) жұту және көру бұзылыстары
- b) тахикардия, АҚҚ көтерілуі
- c) іштің ауыруы, сұйық нәжіс

- d) айқын әлсіздік
- e) жүрек айну, құсу

106. Ботулизмнің типті көріністері:

- a) саливация
- b) асығып, түсініксіз, үздіксіз сөйлеу
- c) жас ағу
- +d) түсініксіз, маңқаланып сөйлеу
- e) фотофобия, тактильді гиперестезия

107. Студент, 20 жасар, ауруының 2 күні, айқын әлсіздік, көз алдындағы «тұман», жүрек айну, құсу, асқазан тұсында ауырсыну, көзді аша алмау, жұтынудың қиындалуы, жүрек қағысының жиілеуі, бір реттік іш өтуге шағымданып ауруханаға түсті. Ауруының алдында консервіленген салат жеген. Болжам диагнозы: ботулизм.

Біріншілік шұғыл шаралар:

- a) В тобының дәрумендерін тағайындау
- b) антибиотиктер тағайындау
- c) тұзды ерітінділер енгізу
- d) асқазанды шаю және сифонды клизма +
- e) өкпені жасанды желдету

108. Ботулизмге тән симптом:

- a) саливация
- b) тырысу
- c) тоқтаусыз құсу
- +d) жұтудың қиындауы
- e) ес бұзылыстары

109. Ботулизмге төмендегілердің ішінен қайсысы тән:

- a) жиі іш өту

- b) оң жақ мықын аймағының ауру сезімі
- +c) птоз, мидриаз, конвергенция бұзылыстары, қарашықтың жарыққа реакциясының болмауы
- d) психомоторлы қозу, бет терісінің гиперемиясы, галлюцинациялар
- e) «очки» симптомы

110. Ботулизмнің ағым ауырлығы мынаған негізделген:

- +a) клиникалық симптомдарының айқындылығына
- b) көп көлемде құсуға және іш өтуіне
- c) ішімдік қабылдауына
- d) іштің ауруына
- e) офтальмоплегиялық синдромның айқындылығына

111. Ботулизмнің ағым ауырлығы немен анықталады:

- a) айқын гипертермиямен
- +b) бульбарлы бұзылыстардың айқындылығымен
- c) менингеалді синдромның болуымен
- d) дегидратация дәрежесімен
- e) нәжіс жиілігімен

112. Ботулизмді қандай аурумен салыстыру керек:

- a) іш сүзегі
- b) менингит
- c) сальмонеллез
- +d) жедел ми – қан айналым бұзылысы
- e) дизентерия

113. Ботулизм диагностикасында диагноз қою үшін қай әдіс маңызды:

- +a) клиникалық-эпидемиологиялық
- b) микроскопиялық

- c) серологиялық
- d) биологиялық
- e) бактериологиялық

114. Ботулизм кезіндегі гемограмма өзгерісі:

- a) лейкопения
- +b) салыстырмалы лейкоцитоз
- c) лимфоцитоз
- d) лейкоформуланың солға жылжуы
- e) гиперэозинофилия

115. Ботулизм диагнозы мына әдіспен расталады:

- a) КБР
- b) ТГАР
- +c) биосынамамен бейтараптау реакциясы
- d) аллергиялық сынама
- e) нәжісті бактериологиялық зерттеу

116. Ботулизмнің лабораториялық диагностикасы:

- +a) тышқандарға биологиялық сынама жасау
- b) қанды бактериологиялық зерттеу
- c) зәрді бактериологиялық зерттеу
- d) пассивті гемаглютинация реакциясы
- e) нәжіс микроскопиясы

117. Ботулизмнің арнайы емі:

- a) алғашқы көмекті көрсеткеннен кейін амбулаторлы түрде жалғастыру
- b) регидратация
- c) асқазанды шаю, жоғары сифонды клизмалар
- +d) ботулотоксинге қарсы поливалентті сарысу енгізу
- e) ботулотоксинге қарсы моновалентті сарысу енгізу

118. Ботулизм кезіндегі арнайы терапия әдісі:

- a) дегидратация
- b) вакцинотерапия
- +c) серотерапия
- d) дезинтоксикация
- e) десенсибилизация

119. Ауыр ағымды ботулизм кезіндегі шұғыл көмек:

- +a) өкпені жасанды желдендіру (ӨЖЖ)
- b) регидратация
- c) дегидратация
- d) плазма құю
- e) гормонотерапия

120. Ботулизм кезіндегі терапияның негізгі принципі болып табылады:

- a) антибактериалді
- +b) серотерапия
- c) десенсибилизациялаушы
- d) дезинтоксикациялық
- e) иммундыстимулдеуші

121. Әйел, 32 жаста, ауырар алдында банкетте болған. Ертеңінде бұлшық етінде әлсіздік, ауызының құрғауы, мидриаз, дауысының қарлығыуы, жұтынудың қиындауы, кенеттен ентігу пайда болған.

Қандай диагноз туралы ойлауға болады?

- a) сальмонеллез
- b) тағамдық токсикоинфекция
- +c) ботулизм
- d) дизентерия



е) тырысқақ

122. Әйел, 32 жаста, ауырар алдында банкетте болған. Ертеңінде бұлшық етінде әлсіздік, ауызының құрғауы, мидриаз, дауысының қарлығыуы, жұтуының қиындауы, кенеттен ентігу пайда болған. Шұғыл шара:

- a) қан құю
- b) гормон енгізу
- +c) өкпені жасанды желдендіру
- d) прозерин енгізу
- e) адреналин енгізу

### **Вирусты гепатиттер (20 тест)**

133. Вирусты гепатиттерге сай дұрыс тұжырымдама:

- a) ВГА –ның созылмалыға өтуі
- b) ВГЕ созылыңқы ауыр ағымда өту тән
- c) ВГВ сарғаю басталғанда науқастардың жалпы жағдайы жақсармайды +
- d) жедел вирусты гепатит С толық сауығумен өтеді
- e) гепатит Д-ға сарғаю кезеңінің алғашқы күндерінде жағдайы жақсарады

134. Вирусты гепатиттерге сәйкес дұрыс тұжырымдаманы көрсетіңіз:

- a) Вирусты гепатит В-ға сарғаю кезеңінің басында жағдайының жақсаруы тән
- b) грипп тәрізді синдром көбінесе вирусты В гепатитке тән
- c) ВГА ауыр ағымды болып өтеді
- d) ВГА жиі уртикарлы бөртпе байқалады
- e) +ВГС-ға созылмалылық ағым дамуы тән

135. ВГауырлық критериіне жатады:

- a) анорексия
- b) айқын сарғаю
- c) терінің қатты қышуы
- d) балтыр бұлшықеттерінің ауруы
- e) +геморрагиялық синдромның бар болуы

136. Вирусты гепатиттердің ауырлық дәрежесін анықтайтын симптомдар:

- a) +интоксикация симптомы
- b) бауыр аймағының ауыруы
- c) үлкен дәреттің ахолиясы
- d) холурия
- e) сарғаю

137. ВГЕ ауыр ағымда өтуі кімдерге тән:

- a) балаларға
- b) жас адамдарға
- c) қарт адамдарға
- d) +жүктілерге
- e) қосымша ауруы бар адамдарға

138. Вирусты Д гепатитіне тән:

- a) мүгедек вируспен шақырылады және оның репликациясы үшін HBsAg керек+
- b) фекалды- оралды механизммен таралады
- c) кортикостероидтармен жақсы емделеді
- d) көбіне жазылады
- e) ВГ-тің жиі кездесетін түрі

139. Жедел вирусты гепатиттің өрістеу кезеңінде бауырдың көлемінің тез кішіреюі мен оның ауруы нені көрсетеді:



- a) холангитті
- b) сауығуды
- c) созылмалы гепатитті
- d) бауырдың жедел жетіспеушілігін+
- e) өт шығару жолдарының дискинезиясын

140. Вирусты гепатиттерде аурылық дәрежесін көрсететін биохимиялық синдромды анықтаңыз:

- a) цитолиз +
- b) холестаз
- c) гипергликемия
- d) диспротеинемия
- e) мезенхималді-қабыну синдромы

141. Вирусты гепатиттің ерте диагностикасында қолданылатын ең ақпаратты биохимиялық тест:

- a) анти-HAV
- b) гиперферментемия +
- c) билирубиннің жоғарлауы
- d) сулемового титрінің төмендеуі
- e) нәжісте стеркобилиннің болуы

142. Гепатит В-ың холестатикалық формасының биохимиялық көрсеткіштері:

- a) +билирубиннің тікелей фракциясы есебінен жоғарлауы
- b) сулема титрінің өсуі
- c) тимол сынамасының жоғарлауы
- d) холестериннің төмендеуі
- e) АЛТ жоғарлауы

143. ВГ мезенхималды-қабыну синдромын сипаттайтын белгі:

- a) АСТ белсенділігінің төмендеуімен

- b) АЛТ белсенділігінің жоғарлауы
- c) Альбумин деңгейінің төмендеуі
- d) +Тимол сынағасының жоғарлауы
- e) Холестерин деңгейінің жоғарлауы

144. ВГА жедел кезеңіндегі базисті терапия:

- a) режим, №5 емдәм, гепатопротекторлар
- b) №5 емдәм, антибиотиктер, гепатопротекторлар
- c) режим, №5 емдәм, ферменттер
- d) №5 емдәм, гепатопротекторлар, өт айдағыш препараттар
- e) +№5 емдәм, режим, көп сұйықтық ішу

145. Вирусты гепатит А-ың жедел сатысында анықталатын иммунологиялық маркер:

- a) HBsAg
- b) HBeAg
- c) HBc Ag
- d) anti HAV IgG
- e) anti HAV IgM+

146. ВГВ дәлелдеу үшін жиі анықтайтын маркер:

- a) +HBsAg
- b) HBeAg
- c) HBcAg
- d) HbsAg антидене
- e) HbeAg антидене

147. Жедел вирусты С гепатиттің маркерлері:

- a) +anti HCV Ig M
- b) anti HCV total
- c) anti HB cor Ig M
- d) anti HB cor total

e)HBsAg

148. ВГВ вирусының белсенді репликациясын көрсететін маркері :

- a)HBsAg
- b)+HBeAg
- c)anti HDV
- d)anti HB cor total
- e)anti HB cor Ig M

149. Вирусты гепатиті бар науқаста интоксикация синдромының клиникалық көріністері:

- a) дене қызуының жоғарлауы, гепатомегалия, оң қабырға астында ауырсыну
- b)тері жамылғылары мен көзге көрінетін шырышты қабаттардың сарғаюы, зәрдің қоюлануы, нәжістің түссізденуі
- c) басының қатты ауыруы, есінің бұзылуы, жайылған тырысулар
- d) шөлдеу, тері тургорының төмендеуі, аяқтарының бұлшықеттерінің тырысулары
- e)+әлсіздік, тәбетінің болмауы, ұйқысыздық, жүрек айну, құсу

150. Науқаста жедел вирусты гепатит диагнозын болжайды.

Диагнозды дәлелдеу үшін қандай лабораторлы зерттеу қажет:

- a) жалпы зәр анализі
- b) жалпы қан анализі
- c)+трансаминаз деңгейлерін анықтау+
- d) қан сарысуындағы иммуноглобулин деңгейін анықтау
- e) қан сарысуының ақуыздары мен ақуыз фракцияларын зерттеу

151. Вирусты В гепатитінде негізгі алдын алу шаралары:

- a) +спецификалық вакцинация
- b) қорғаныс бетперделерді тағу
- c) анатоксин енгізу
- d) сарысуды енгізу
- e) суды қайнату

152. Ер адам, 43 жаста, 10 күн бойы ауруханада Вирусты гепатит «В» деген диагнозбен жатқан. Шағымдары: қатты әлсіздік, тамақтан кейін құсу. Қарап тексергенде: есі сақталған, эмоционалді лабилді, тежелген, сұрақтарға баяу жауап береді, кейде жауаптары дұрыс емес, түнде нашар ұйықтаған. Сарғаюы жоғарлаған, бауырының көлемі өзгермеген, қабырға доғасынан +2 см. Жүрек үндері бәсеңдеген, ырғағы дұрыс, пульс 90 рет минутына, АҚ екі қолда 100/70 мм сын.бағ. зәрі қоңыр түсті, нәжісі ахолиялық. Қандай асқыну туралы ойлануға болады?

- a) Вирустыгепатит В, ауыр ағымы
- b) бауырдың жедел энцефалопатиясы, прекома I
- c) +бауырдың жедел энцефалопатиясы, прекома II
- d) бауырдың жедел энцефалопатиясы, кома I
- e) бауырдың жедел энцефалопатиясы, кома II

### **Лептоспироз ( 21 тест)**

153. Лептоспироз қоздырғышы болып табылады :

- a) вирустар
- b) бактериялар
- c) қарапайымдылар
- d) гельминттер
- +e) спирохеталар

154. Лептоспирозға тән маусымдық:

- a) +көктем- жаз
- b) күз
- c) қыс
- d) көктем
- e) маусымдық тән емес

155. Лептоспироз кезінде инфекция көзі болып табылады :

- +a) үй жануарлары, егеуқұйрық
- b) түлкі, қасқыр
- c) түйелер
- d) адам
- e) құстар

156. Лептоспироздың негізгі берілу жолы :

- a) фекалды-оралды
- b) ауалы-тамшылы
- +c) урино-оралды
- d) парентералды
- e) трансмиссивті

157. Лептоспироздың ең жиі берілу жолы :

- +a) су
- b) трансмиссивті
- c) алиментарлы
- d) парентералді
- e) ауалы-тамшылы

158. Лептоспироз кезіндегі инкубация кезеңінің ұзақтығы:

- +a) 3-күннен 30 күнге дейін
- b) 1 күннен 7 күнге дейін

- c) 1 айдан 1 жылға дейін
- d) 30 мин.-тан 6 сағатқа дейін
- e) 7 – 180 күн

159. Лептоспироз диагностикасында төмендегі клиникалық симптомдардың қайсысы маңыздырақ:

- +a) жоғары қызба
- b) бұлшық еттегі қатты ауру сезімі, әсіресе балтырда
- c) бауыр ұлғаюы
- d) геморрагиялық синдром
- e) менингеалді синдром

160. Лептоспирозға тән симптомокомплекс:

- a) қызба, артралгия, құсу, диарея
- +b) қызба, миалгия, бауыр-бүйрек жетіспеушілігі, менингеалді симптом
- c) іштегі ауру сезімі, құсу, диарея
- d) қызба, миалгия, артралгия, тырыспалар
- e) қызба, геморрагиялық бөртпе, мұрыннан қан кету, анемия

161. Лептоспироз кезіндегі асқыну:

- a) БЖЭ (бауырдың жедел энцефалопатиясы)
- +b) жедел бауыр-бүйрек жетіспеушілігі
- c) гиповолемиялық шок
- d) ішектен қан кету
- e) анафилактикалық шок

162. Лептоспироздың негізгі зерттеу әдістері:

- +a) бактериологиялық
- b) рентгенологиялық
- c) биологиялық
- d) вирусологиялық



е) паразитологиялық

163. Лептоспирозда бактериологиялық зерттеуге қандай материал алынады:

- а) қақырық
- +b) қаны
- с) нәжісі
- d) шәуеті
- е) мұрын-жұтқыншақ шырышы

164. Лептоспироз кезінде тағайындалатын негізгі ем:

- а) этиотропты
- b) симптоматикалық
- с) физиотерапия
- +d) спецификалық терапия
- е) дезинтоксикациялық

165. Лептоспироздың спецификалық терапиясында қолданылатын ем:

- а) лептоспирозға қарсы егу
- +b) лептоспирозды гамма-глобулин
- с) лептоспирозға қарсы сарысу
- d) пентаглобин
- е) адам иммуноглобулині

166. Лептоспирозбен ауырып шыққан науқастарды қанша уақытқа диспансерлік бақылауға алады:

- а) 1 жыл
- +b) 6 ай
- с) 2 жыл
- d) 3 ай
- е) диспансерлік бақылау жүргізілмейді

167. Лептоспироздың ауыр түрінде дамиды асқыну:

- +a) серозды менингит
- b) тыныстың жедел жетіспеушілігі
- c) ішектен қан кету
- d) бауыр жетіспеушілігі
- e) жүрек-қан тамыр жетіспеушілігі

168. Лептоспироз патогенезінің 4 фазасы:

- a) қоздырғыштың ағзаға енуі
- b) токсикалық
- c) екіншілік бактериемия
- +d) стерилді емес иммунитеттің дамуы
- e) стерилді иммунитеттің дамуы

169. Лептоспиралар қайнату барысында қанша уақытта жойылады:

- +a) бірденнен
- b) 20-30 мин
- c) 30-40 мин
- d) 40-50 мин
- e) 50-60 мин

170. Лептоспироздың алғашқы геморрагиялық көріністері неге байланысты дамиды

- a) екіншілік бактериемия
- +b) капилляротоксикоз
- c) ТШҚҰ синдромы
- d) лептоспироз кезінде геморрагиялық көрініс болмайды
- e) тромбоцитопения

171. Лептоспироз ауруы кездеспейтін континент:

- a) африка
- b) австралия
- c) канада
- +d) антарктида
- e) кавказ

172. Лептоспироздың II фазасы қанша күнге созылады?

- a) 10-15
- b) 20-25
- +c) 3-7
- d) 5-9
- e) 2-5

173. Лептоспиралардың жиі таралу жолдары

- a) тағамдық
- b) топырақ арқылы
- c) контакт
- d) ауалы
- +e) су арқылы

**Бруцеллез. Нейробруцеллез. ( 47 тест)**

174. Жедел бруцеллездің ұзақтығы:

- a) 10-14 күн
- b) 15-30 күн
- +c) 3 айға дейін
- d) 3 айдан 6 айға дейін
- e) 6 айдан 12 айға дейін

175. Жеделдеу бруцеллездің ұзақтығы:

- a) 10-14 күн
- b) 15-30 күн
- c) 3 айға дейін

- +d) 3 айдан 6 айға дейін
- e) 6 айдан 12 айға дейін

176. Созылмалы бруцеллездің ұзақтығы:

- a) 1 айға дейін
- b) 2 айға дейін
- c) 3 айға дейін
- d) 3 айдан 6 айға дейін
- +e) 6 айдан ұзақ

177. Бруцелланың ең патогенді түрі:

- +a) *B. melitensis*
- b) *B. abortus*
- c) *B. suis*
- d) *B. ovis*
- e) *B. canis*

178. Н.Д.Беклемишев бойынша латентті бруцеллез – бұл (толық жауапты табыңыз):

- a) қанда қоздырғыштың анықталмауы және клиникасының болмауы
- b) қанда қоздырғыштың анықталуы, бірақ клиникасының болмауы
- c) клиникасы жоқ кезде, «оң» серологиялық реакция
- d) клиникасы жоқ кезде, «оң» аллергиялық сынаманың анықталуы
- +e) клиникасы жоқ кезде, «оң» серо- және/немесе аллергиялық реакциялардың анықталуы

179. Н.Д.Беклемишев бойынша біріншілік-созылмалы бруцеллез дегеніміз не:

- a) жедел бруцеллезден кейінгі кезең

- b) жеделдеу бруцеллезден кейінгі кезең
- +c) анамнезінде жедел кезеңі болмаған созылмалы бруцеллез
- d) клиникасы жоқ кезде, «оң» реакциялардың болуы
- e) созылмалы рецидивті инфекциялық процесс

180. Н.Д.Беклемишев бойынша екіншілік-созылмалы бруцеллез дегеніміз не:

- +a) жедел және жеделдеу бруцеллезден кейінгі дамитын аурудың түрі
- b) анамнезде жедел бруцеллез жоқ созылмалы бруцеллез
- c) клиникасы жоқ кезде, бруцеллездің «оң» реакцияларының болуы
- d) созылмалы қайталамалы инфекциялық процесс
- e) үздіксіз-ағымды инфекциялық процесс

181. Жедел бруцеллезге тән симптомокомплекс:

- a) дене температурасы қалыпты, анкилоз, спондилез
- b) қызуы жоғары, бастың ауыруы, құсу, құрысу, парездер және параличтер
- c) гепатолиеналді синдром, полиартронеуромиалгиялар, лимфаденопатия, геморрагиялық синдром
- d) субфебрилді қызба, артриттер, бурситтер, фиброзиттер мен целлюлиттер
- +e) қалтырау мен тершеңдікпен сипатталатын жоғары қызба, полиартронеуромиалгиялар, лимфаденопатия, гепатоспленомегалия

182. Жедел бруцеллезге тән гемограмма:

- a) анемия, пойкилоцитоз, анизоцитоз, ЭТЖ жоғарлауы
- b) лейкоцитоз, нейтрофилез, ЭТЖ жоғарлауы
- +c) лейкопения, салыстырмалы лимфоцитоз, ЭТЖ жоғарлауы
- d) лейкоцитоз, нейтропения, ЭТЖ жоғарлауы

е) лейкопения, лейкоформуланың солға ығысуы, ЭТЖ жоғарлауы

183. Бруцеллезде бактериологиялық зерттеу үшін алынатын материал:

- +a) қан
- b) нәжіс
- c) зәр
- d) анқаның жағындысы
- e) жұлын сұйықтығы

184. Бруцеллез кезіндегі таңдамалы препарат:

- a) ампициллин
- b) азитромицин
- c) цефалоспориндер
- +d) доксициклин
- e) метронидазол

185. Қазіргі таңдағы бруцеллездің емінде қолданылатын таңдамалы препараттар:

- a) тетрациклин+стрептомицин
- b) доксициклин+гентамицин
- c) доксициклин+цефазолин
- +d) доксициклин+ципрофлоксацин
- e) доксициклин+ метронидазол

186. Бруцеллездің жедел түріне тән белгі:

- a) ұсақ буындардың ауыруы
- b) тұрақты қызба
- +c) түнде пайда болатын қызба, тершеңдік
- d) менингиалді симптом
- e) балтыр бұлшық еттеріндегі ауру сезімі

187. Бруцеллаларды жою үшін қажет температура:

- a) 0 °C
- b) 60°C
- c) 70°C
- d) 90°C
- +e) 100°C

188. Бруцеллездің берілу факторлары:

- +a) шикі сүт
- b) су
- c) трансмиссивті
- d) парентералды
- e) адамнан адамға

189. Бруцеллалардың қандай түріне миграция феномены тән:

- a) *B. abortus*
- b) *B. ovis*
- c) *B. suis*
- +d) *B. melitensis*
- e) *B. canis*

190. Бруцеллезге тән типті берілу жолы:

- a) алиментарлы
- +b) контактілі
- c) ауа-тамшылы
- d) трансмиссивті
- e) вертикалді

191. Қазақстан республикасында қандай облыс ең гиперэндемиялық аймақ болып саналады?

- a) Алматы

- +b) Жамбыл
- c) Батыс-Қазақстан
- d) Оңтүстік-Қазақстан
- e) Қызылорда

192. Бруцеллездің қай түрінде нейробруцеллез жиі дамиды?

- a) жедел
- b) жеделдеу
- c) біріншілік-созылмалы
- d) екіншілік-созылмалы
- +e) қайталамалы (супер-и реинфекция)

193. Нейробруцеллездің дамуының негізгі себебі?

- a) иммунитеттің тапшылығы
- b) қосымша аурулардың болуы
- c) егде жас
- +d) бруцеллез антигеніне жоғары сезімталдық
- e) кәсіби жұқтыру

194. Нейробруцеллезде серологиялық реакциялардың қандай нәтижелері жиі кездеседі?

- +a) теріс
- b) жалған оң
- c) әлсіз оң
- d) айқын оң
- e) заңдылығы жоқ

195. Нейробруцеллез кезінде дисциркуляторлы энцефалопатияның даму себебі ?

- a) егде жас
- b) мидың жарақаты
- c) жүйке жүйенің қосымша аурулары



- d) миға әсер ететін жоғары жүктемелер
- +e) ми тамырларының арнайы васкулиті

196. Нейробруцеллез кезінде жүйке жүйесінің қай бөлімі жиі зақымдалады?

- a) ми
- +b) перифериялық бөлімі
- c) жұлын
- d) вегетативті бөлім
- e) психикасы

197. Нейробруцеллез кезінде ауа райының өзгеруіне жоғары сезімталдықтың себебі қандай?

- a) егде жас
- b) мидың жарақаты
- c) жүйке жүйесінің қосымша аурулары
- d) миға әсер ететін жоғары жүктемелер
- +e) вегетативті жүйке жүйесінің зақымдануы

198. Бруцеллезді менингит кезіндегі жұлын ми сұйықтығы сипаты?

- a) ірінді
- b) өзгермеген
- +c) серозды
- d) тек қана қысымның жоғарлауы
- e) эритроциттердің қосындысы

199. Нейробруцеллез кезінде «жасырын» менингит деген не?

- a) қалыпта температура кезінде ірінді жұлын сұйықтығы
- b) бас аурудың кезінде қалыпты жұлын сұйықтығы
- c) «оң» менингеалді синдром кезінде сероздыжұлын сұйықтығы

- +d) «теріс» менингеалді синдром кезінде серозды жұлын сұйықтығы
- e) менингизм

200. Нейробруцеллез кезінде энцефалит дамуының негізгі клиникалық белгісі?

- a) бас аурудың күшеюі
- b) құсудың пайда болуы
- +c) мидың жүйке тамырларының зақымдануы
- d) ұйқының бұзылуы
- e) дене температурасының жоғарлауы

201. Екіншілік-созылмалы бруцеллезге тән симптомокомплекс:

- +a) ірі буындардың ауыруы
- b) жоғары қызба
- c) іштің өтуі
- d) бөртпе
- e) бульбарлы синдром

202. Нейробруцеллезде қалыпты температура кезіндегі тершендіктің себебі қандай?

- +a) вегетативті жүйке жүйесінің зақымдануы
- b) терморегуляция бұзылыстары
- c) генетикалық ерекшеліктер
- d) климакс алды кезеңі
- e) гипертиреоз

203. Орта жүйке жүйе зақымданған кезде бруцеллездің емінде антибиотиктармен бірге қандай препаратты міндетті түрде тағайындау қажет?

- a) нейропротектор

- b) актовегин
- +c) гормондар
- d) диуретиктер
- e) В тобындағы витаминдер

204. Нейробруцеллез кезіндегі саңыраулықтың себебі қандай?

- a) вестибулярлы аппараттың зақымдануы
- +b) есту нервінің невриті
- c) созылмалы отит
- d) этмоидит
- e) мезатимпанит

205. Бруцеллез кезіндегі суперинфекция дегеніміз:

- a) бруцеллезден жазылғаннан кейін ауруды қайа жұқтыру
- +b) созылмалы бруцеллезбен ауырып жүріп инфекцияны қайта жұқтыру
- c) қоздырғыштардың бірнеше түрлерімен залалдану
- d) созылмалы бруцеллездің рецидиві
- e) латентті бруцеллезден кейін дамиды ауру

206. Бруцеллез кезіндегі реинфекция дегеніміз:

- +a) бруцеллезден жазылғаннан кейін ауруды қайта жұқтыру
- b) созылмалы бруцеллезбен ауырып жүріп инфекцияны қайта жұқтыру
- c) қоздырғыштардың бірнеше түрлерімен залалдану
- d) созылмалы бруцеллездің рецидиві
- e) латентті бруцеллезден кейін дамиды ауру

207. Жедел бруцеллез Г.П. Руднев бойынша патогенездің қандай сатысына сәйкес келеді:

- +a) бактериемия
- b) лимфа тамырларына ену сатысы

- с) көп ошақты диссеминация сатысы
- d) экзоошақты метастаздардың пайда болу сатысы
- e) метаморфоз сатысы

208. Жеделдеу бруцеллез Г.П. Руднев бойынша патогенездің қандай сатысына сәйкес келеді:

- a) бактериемия
- b) лимфа тамырларына ену сатысы
- +c) көп ошақты диссеминация сатысы
- d) экзоошақты метастаздардың пайда болу сатысы
- e) метаморфоз сатысы

209. Екіншілік -созылмалы бруцеллез патогенездің Г.П. Руднев бойынша қандай сатысына сәйкес келеді:

- a) бактериемия
- b) лимфа тамырларына ену сатысы
- c) көп ошақты диссеминация сатысы
- +d)экзоошақты метастаздардың пайда болу сатысы
- e) метаморфоз сатысы

210. Латентті бруцеллез патогенездіңГ.П. Руднев бойынша қандай сатысына сәйкес келеді:

- a) бактериемия
- +b) лимфа тамырларына ену сатысы
- c) метаморфоз сатысы
- d) экзоошақты метастаздардың пайда болу сатысы
- e) көп ошақты диссеминация сатысы

211. Бруцеллездің қалдықтары (резидуалді бруцеллез) Г.П. Руднев бойынша патогенездің қандай сатысына сәйкес келеді :

- a) бактериемия

- b) лимфа тамырларына ену сатысы
- +c) метаморфоз сатысы
- d) экзоошақты метастаздардың пайда болу сатысы
- e) көп ошақты диссеминация сатысы

212. Бруцеллездің ауру көзі болады:

- a) адам
- +b) ірі және кіші қара мал
- c) кеміргіштер
- d) құстар
- e) қансорғыш

213. Бруцеллездің ауру көзі:

- a) науқас адам
- +b) сиыр
- c) кене
- d) маса
- e) сона

214. Жедел бруцеллез кезіндегі науқастың негізгі шағымы:

- a) бастың қатты ауруы
- b) розеолезді бөртпе
- c) сарғаю
- +d) қызба, қалтырау және терлегіштік
- e) диарея

215. Созылмалы бруцеллез кезінде зақымдалауы мүмкін мүше мен жүйелер:

- a) тыныс алу
- b) тері және шырышты қабат
- +c) жүйке жүйесі
- d) парасимпатикалық

е) асқазан-ішек жолы

216. Полиартнейромиалгия қай ауруға тән:

- а) амебиаз
- +b) бруцеллез
- с) бөртпе сүзегі
- d) безгек
- е) оба

217. Бруцеллездің диагностикасында қолданады:

- +a) Райт реакциясы
- b) қанның қалың тамшысы мен жұқа жағынды
- с) Цуверкалов сынамасы
- d) тауық эмбрионында дақылдау
- е) зәр мен нәжісті себу

218. Бруцеллез кезінде жалпы қан анализіндегі өзгерістер:

- а) лейкоцитоз
- b) ЭТЖ жоғарлауы
- с) атипиялық мононуклеарлардың пайда болуы
- d) солға ығысуы
- +e) лейкопения, лимфомоноцитоз

219. Жедел бруцеллезді емдеуде қолданылатын этиотропты:

- а) жартылайсинтетикалық пеницилиндер
- +b) доксициклин (тетрациклиндер)
- с) цефалоспориндер
- d) макролидтер
- е) аминогликозидтер

220. Лимфаденопатия қай ауруға тән:

- а) амебиаз

- +b) бруцеллез
- c) бөртпе сүзегі
- d) безгек
- e) оба

### **Иерсиниоздар (24 тест)**

221. Иерсиниоз кезіндегі тасымалдаушылар:

- a) жабайы жануарлар
- +b) ұсақ кеміргіштер
- c) кенелер
- d) шыбын-шіркейлер
- e) масалар

222. Иерсиниоз көбінесе қандай жол арқылы жұғады:

- +a) тағам арқылы
- b) парентералді
- c) аэрогенді
- d) трансмиссивті
- e) вертикалді

223. Иерсиниоз кезіндегі эпиданемнезге тән:

- a) ет тағамдарын қолдану
- +b) жуылмаған жеміс-жидектерді қолдану
- c) консервіленген тағамдарды қолдану
- d) үйде мысық ұстау
- e) кәуапты қолдану

224. Иерсиниоздың ең жиі кездесетін түрі:

- a) ангинозды
- b) септикалық
- +c) асқазан-ішектік
- d) геморрагиялық

е) гепатиттік

225. Иерсиниоздың негізгі жұғу жолы:

- a) ауалы-тамшылы
- b) зақымданған тері арқылы
- c) контактілі-тұрмыстық
- +d) алиментарлы
- e) парентералді

226. Иерсиниоздың жиі кездесетін клиникалық түрі:

- +a) гастроэнтероколиттік
- b) сарғыштық
- c) экзантемалы
- d) артралгиялық
- e) септикалық

227. Иерсиниозға тән белгі:

- a) асқазан-ішек жолдарын зақымдау
- b) жоғарғы тыныс жолдарын зақымдау
- +c) клиникалық көріністердің полиморфизмі
- d) буындардың зақымдалуы
- e) терінің зақымдалуы

228. Белгілердің қайсысы иерсиниозға тән:

- a) птоз
- b) ринит
- +c) гастроэнтероколит
- d) отит
- e) гайморит

229. Иерсиниозға қандай симптомдар тән:

- a) құрғақ жөтел



- b) іштегі белдемелі ауру сезімі
- +c) дене қызуының жоғарылауы
- d) ауызға ащы дәмнің келуі
- e) жүрек тұсындағы ауру сезімі

230. Көрсетілген белгілердің қайсысы иерсиниозға тән:

- a) тенезмдер, жалған шақырулар
- +b) қалтырау  $38^{\circ}$ - $39^{\circ}$ С дейінгі қызба
- c) құрғақ жөтел
- d) сулы, жасыл нәжіс
- e) шырыш-қан аралас нәжіс

231. Көрсетілген белгілердің қайсысы иерсиниозға тән:

- a) гемоколит
- +b) көп ошақты зақымдану
- c) геморрагиялық бөртпе
- d) бүйрек жеткіліксіздігі
- e) сусыздану

232. Иерсиниоз кезінде асқазан-ішекжолдарының көбінесе қай бөлігі зақымданады:

- a) асқазан
- b) 12- елі ішек
- +c) мықын ішек
- d) соқыр ішек
- e) тік және сигмовидті ішек

233. Иерсиниоздың абдоминалды түрінің клиникасына тән:

- a) жаралы колит
- +b) мезентериалді лимфаденит
- c) проктосигмоидит
- d) парапроктит

е) ішек тамырларының тромбозы

234. Иерсиниоздың біріншілік-ошақты түріне қайсысы жатады?

- a) абдоминалді
- b) гепатитті
- +c) жедел қызбалық
- d) артралгиялық
- e) септикалық

235. Иерсиниоздың вирусты гепатиттен айырмашылығы:

- a) сарғыштық
- b) тәбеттің төмендеуі
- c) гепатолиеналді синдром
- +d) созылмалы жоғары қызба
- e) әлсіздік

236. Иерсиниоздің сальмонеллезден айырмашылығы:

- a) жүрек айну
- b) құсу
- c) диарея
- +d) экзантема
- e) қызба

237. Инфекциялық мононуклеозге тән белгі:

- a) тершеңдік
- b) мойын мен бұғананың ісінуі
- c) жайылған лимфаденопатия
- +d) қанда атипті мононуклеарлардың болуы
- e) экзантема

238. Иерсиниоздың лабораторлы диагностикалық әдісі:

- +a) бактериологиялық
- b) терілік-аллергиялық
- c) бактериологиялық
- d) биохимиялық
- e) биологиялық

239. Иерсиниоз кезінде бактериологиялық зерттеуге алынатын материал:

- a) сілекей
- b) розеолалардан қырынды
- +c) нәжіс
- d) қақырық
- e) өт

281. Иерсиниоз кезінде бактериологиялық зерттеуге алынған материал қайда салынады:

- a) 37<sup>0</sup>C-ғы термостатқа
- b) бөлме температурасында қалдыру
- c) құрғақ ыстық шкафта
- +d) +610<sup>0</sup> C температурадағы тоңазытқышта
- e) микроанаэроустатта

282. Иерсиниозды серологиялық әдіспен зерттегенде көбінесе қолданылатын реакция:

- +a) тура емес гемаглютинация
- b) Пауль-Бунель
- c) Райт
- d) Хедельсон
- e) Видадь

283. Иерсиниоздың диагностикасы үшін қолданылатын лабораторлық әдіс:

- a) ПГАР+
- b) қан микроскопиясы
- c) биологиялық сынама

d) нәжіс микроскопиясы

e) терілік-аллергиялық сынама

284. Көрсетілген белгілер қай ауруға тән: менингит, полиаденит, дақты-папулезді бөртпе, гепатолиеналді синдром:

a) оба

b) туберкулез

c) менингококты инфекция

d) стафилококты инфекция

+e) иерсиниоз

285. Иерсиниоздың ішектік түрін емдегенде қандай антибактериалді препарат тағайындалады?

a) пенициллин

b) оксациллин

c) нистатин

d) цепорин

+e) ципрофлоксацин

**Листерииоз (11 тест)**

286. Листерииозды диагностика жасауға көмектесетін зерттеу әдісі:

a) клиникалық-эпидемиологиялық

b) серологиялық

+c) бактериологиялық

d) биологиялық

e) патогистологиялық

287. Листерииоздың берілу механизмі:

+a) фекальді оральдікемірушілер

b) трансмиссивті

c) су арқылы

d) контактiлi

e) парентеральді

288. Листерииоздың адамға жұғуының ең жиі кездесетін түрі:

- a) контактілі
- b) трансмиссивті
- +c) алиментарлы
- d) ауа- тамшылы
- e) анадан балаға

289. Листерияның біріншілік-ошақты түрі :

- a) гепатиттік
- b) менингоэнцефалиттік
- c) сепсистік
- +d) конъюнктивалді
- e) біріншілік-жайылмалы

290. 19 жастағы ер адам, 5 күн бұрын ауырған. Дене температурасының  $39^{\circ}\text{C}$  дейін көтеріліп, қалтырап, артро- және миалгиялар байқалған. Қарағанда: аңқада іріңді-некрозды баспа, мойын-жақастылық лимфаденит, гепатоспленомегалия. Эпидемиологиялық анамнезінде шикі көкөністерді (қырыққабат, сәбіз) салат ретінде жиі тағамға пайдаланатыны анықталған.

Сіздің болжама диагнозыңыз:

- a) іріңді-некроздық баспа
- b) вирусты гепатит, сарғаю алды кезеңі
- c) созылмалы тонзиллит, өршу кезеңі
- +d) листерия, ангинозды түрі
- e) иерсиниоз, абдоминалді түрі

291. Листерияға тән типті бөртпелер:

- a) дақты-папулезді
- b) розеолезді
- +c) папулезді-пустулезді
- d) петехиалді
- e) эритематозды-буллезді

292. Листерияны емдеуге арналған эффективті этиотропты препарат:

- a) аминогликозидтер
- b) жартылай синтетикалық пенициллиндер
- c) нитрофурандар
- +d) цефалоспориндер
- e) тетрациклиндер

293. Әйел адам, жүктіліктің 20-21 аптасы, асқынған акушерлік анамнезбен (2-рет өздігінен жүктілік үзілген), кольпиттің көріністері, жатырда көп сулылық, дәрігер жүргізілген тексеруден кейінқойылған диагноз: листериоз.

Клиникалық диагнозды қою кезінде қандай мәліметтер шешуші рөл атқарды:

- a) ИФА да IgG листериозды анықтау
- b) ТГЕР де 1:100 титрінде листериозға қарсы антидене анықтау
- c) акушерлік анамнез мәліметтері
- d) қынаптан алған жағындыдан микроскопия кезінде қабыну өзгерістері
- +e) қынаптан *L.monocytogenes* культурасын бөлу

294. Әйел адам, жүктіліктің 18-19 аптасы, клиникалық-анамнестикалық және лабораторлық мәліметтеріне сүйеніп қойылған диагноз: листериоз.

Этиотропты терапия үшін таңдалған препарат:

- +a) ципрофлоксацин
- b) рифампицин
- c) ампициллин
- d) гентамицин
- e) доксициклин

295. Листериоздың екіншілік-ошақты түріне қандай түрі жатады:

- a) жедел-респираторлы
- b) конъюнктивалді
- +c) гепатиттік

d) абдоминалді

e) ангинозды

296. Әйел адам, 32 жаста, клиникаға ауруының 8-ші күні түсті. Алғашқы күннен әлсіздік байқаған, тәбетінің төмендеуі, дене қызуы  $38-38,5^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілген, тамақта ауру сезімі, үлкен дәреті сұйық. Ауруының 2-ші күні склерасының сарғайғанын байқаған, зәрінің түсі өзгерген. Объективті: Жалпы жағдайы орташа ауырлықта. Қызба  $38,5^{\circ}\text{C}$  дейін. Барлық топтағы лимфа түйіндері пальпацияланады. Аңқада – фарингит. Кеуде терісінде папулезді-пустулезді бөртпе. Бауыры 1,5-2 см, аздап ауру сезімді.

Сіздің болжама диагнозыңыз:

a) жедел вирусты гепатит

b) инфекциянды моноклеоз

c) лептоспироз

+d) листериоз

e) иерсиниоз

**Токсоплазмоз (15)**

297. Жүре пайда болған токсоплазмоздың кең таралған жұғу жолы:

a) су арқылы

+b) тағам арқылы

c) вертикалді

d) парентералді

e) ауа-тамшылы

298. Токсоплазмоз қоздырғышының резервуары және көзі:

a) кеміргіштер

b) иттер

c) құстар

+d) мысықтар

e) балықтар

299. Токсоплезмоз жұқпалы аурулардың қандай тобына жатады:

- +a) зооноздар
- b) сапроноздар
- c) антропоноздар
- d) сапрозооноздар
- e) антропозооноздар

300. Жүкті әйелдерде токсоплазмоздың алдын алуының негізгі жолы:

- a) вакцинация
- b) хлоридин қабылдау
- +c) мысықтармен тұрмыстық қатынастан бас тарту
- d) жеке гигиена ережелерін сақтау
- e) токсоплазмозбен ауырған науқаспен қатынастан бас тарту

301. Әйел 25 жаста, жүктіліктің 8 аптасында токсоплезмоз жұқтырған. Жүктіліктің 1-ші триместрінде жұқтыру кезінде нәтижесі қалай аяқталуы мүмкін?

- a) латентті түрінің дамуы
- b) жүрек ақауы
- c) эпилепсия
- +d) түсік тастау
- e) соқырлық

302. 32 жастағы әйел адам офтальмологқа көру қабілетінің нашарлауына шағымданып келген. Тексеру барысында хориоретинит ошақтары, ұзақ уақытты субфебрилитет, созылмалы интоксикация симптомдары, полилимфаденопатия, гепатомегалия, миокардит белгілері, рентгенографияда – ми мен бұлшық еттерде кальцификаттар анықталған. Тұшпара дайындау цехінде жұмыс істейді, ет фаршының шикідей дәмін татады.

Ең ықтимал диагноз:

- a) тениоз



- b) иерсиниоз
- c) трихинеллез
- d) тениаринхоз
- +e) токсоплазмоз

303. Әйел адам , 29 жаста, үнемі әлсіздіке , көруінің нашарлауына, д ене қызуының  $37,0^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілуіне, бастың ауруына, оң жақ қабырға астындағы ауру сезіміне шағымданады. Қалада тұрады, 5 үй мысығын қарайды , Жүктіліктің 1ші триместрі кезінде түсік болған. Тексеру кезінде: хориоретинит ошағы, гепатомегалия, миокардиттің көрінісі, рентгенографияда – мидың және бұлшықеттердің кальцификаты анықталды.

Сіздің диагнозыңыз:

- a) ішек иерсиниозы
- +b) токсоплазмоз
- c) тениаринхоз
- d) трихинеллез
- e) токсокароз

304. 32 жастағы әйел адам. Тексеру барысында хориоретинит ошақтары, ұзақ субфебрилитет, созылмалы интоксикация симптомдары, полилимфаденопатия, гепатомегалия, миокардит белгілері, рентгенографияда – ми мен бұлшық еттерде кальцификаттар анықталған. Тұшпара дайындау цехінде жұмыс істейді, ет фаршының шикідей дәмін татады. Болжама диагноз «Токсоплазмоз».

Қандай тексеру әдісі осы диагнозды дәлелдейді:

- a) ДНК-гибридизациясы
- b) латекс-агглютинациясы
- c) преципитация реакциясы
- +d) иммуноферментті анализ
- e) иммунофлюоресценция әдісі

305. Әйел адам 26 жаста, кезеңді түрде дене қызуының көтерілуіне, көруінің екі еселенуіне, бұлшық еттердегі ауру сезіміне шағымданады. Жағдайы орташа ауырлықта. Менингеалді симптомдар мен экзантема жоқ. Шеткі лимфа түйіндері ұлғайған және бауыры (+2 см). рентгенографияда – иық бұлшықетінің кальцификаты анықталды. Жер үйде тұрады. Үйінде мысық бар. Болжама диагноз «Токсоплазмоз». Арудың қандай сатысы болуы мүмкін?

- a) инаппаранты
- +b) созылмалы
- c) септикалық
- d) латентті
- e) жедел

306. Әйел адам 27 жаста, Жүктіліктің 3-шітриместрінде токсоплезмоз жұқтырған. Үйге мысық ұстаған. Оң серологиялық тексеру: ИФА токсоплазмоз антигені Ig G-антитела анықталған, тері ішілік токсоплезмоз сынамасы оң. 3-ші триместрде туа пайда болған токсоплезмоздың қандай түрін жұқтыруы мүмкін?

- a) инаппарантты
- b) манифестті
- c) септикалық
- +d) латентті
- e) жедел

307. Әйел 25 жаста, бірінші жүктіліктің 8-10 аптасында іштегі нәрестенің өлуімен аяқталған. Тексеру кезінде ИФА да токсоплезмозға қарсы антиденелердің IgM класы 1: 400 титрі анықталған. Сұрастыру кезінде, нәрестенің іште өлуіне дейін бір ай бұрын үйдегі мысығы туған. Әйел жаңа туған күшіктерді баққан.

Бұл жағдайда қандай этиотропты терапия тағайындау қажет?

- a) бисептол

b) аугментин

+c) спирамицин

d) эритромицин

e) метронидазол

308. Токсоплазмоздың қоздырғышы жатады:

a) бактерияларға

b) микоплазмаларға

c) хламидияларға

+d) қарапайымдыларға

e) риккетсияға

309. Токсоплазмозға тән емес:

a) негізгі ауру көзі мысықтар

+b) ауру көзі адам

c) энцефалит және менигоэнцефалиттің дамуы

d) қарым қатынас арқылы жұғуы мүмкін

e) полиаденопатия

310. Токсоплазмоздың терапиясына қолданады:

a) левомецетин

b) примахин

c) ятрен

+d) хлоридин

e) ремантадин

311. Токсоплазмоздың диагностикасына қолданады:

+ a) Сэбина-Фельдман реакциясы

b) Видаля реакциясы

c) Райт реакциясы

d) Вассерман реакциясы

e) Пауля-Буннеля реакциясы

**Гельминтоздар (15)**

312. Девастация – бұл:

a) гельминттердің жұмыртқасын жою

b) гельминтозбен науқастарды емдеу

- +с) гельминттерді нақты аймақта жою
- d) гельминттердің аралық қожайынын жою
- e) гельминттердің қосымша иесін жою

313. Дефинитивті гельминттің иесі – бұл:

- +a) соңғы облигаттық иесі
- b) соңғы факультативтік
- c) аралық облигатты
- d) аралық факультативтік
- e) қосымша

314. Берілу механизмі, өмірлік циклі бойынша описторхоз - бұл::

- +a) ксенооралді трофикалық зоонозды биогельминтоз
- b) перкутантты зоонозды биогельминтоз
- c) оралді геогельминтоз
- d) перкутантты геогельминтоз
- e) ксенооралді трофикалық зоонозды биогельминтоз

315. Ер адам 36 ж., ВГА диагнозымен түсті. 2 апта бойы ауырған: дене қызуы  $37,5-38^{\circ}\text{C}$  жоғарылаған, оң жақ қабырға доғасында және асқазан тұсындағы ауру сезіміне, жүрек айну және құсуға шағымданады. Иық және кеуде тұсында қыштитын бөртпелер пайда болған. Бір күн бұрын склерасы сарғыштанған. Қарап тексергенде тері және шырышты қабаттары сарғыш, кеуде тұсында дақты-папулезді элементтер көрінеді. Жүрек-қантамыр және тыныс жүйесінде өзгерістер жоқ. Іші жұмсақ, оң жақ қабырға доғасы ауру сезімді, бауыры ұлғайған. Эпид. анамнезі: бір апта бұрын сазан балығынан жасалған «Хе»салатын жеген, балықты Ертіс өзенінен аулап өзі дайындаған. Ең ықтимал диагноз?

- +a) описторхоз
- b) дифиллоботриоз
- c) клонорхоз
- d) фасциолез

е) трихинеллез

316 Фасциолез өмірлік циклі және берілу механизмі бойынша–бұл :

а) ксенооралді трофикалық зоонозды биогельминтоз

б) перкутантты зоонозды биогельминтоз

с) оралді геогельминтоз

д) перкутантты геогельминтоз

+е) ксенооралді трофикалық зоонозды биогельминтоз

317. Ер адам 40 ж., фермер, Жамбыл обл.тұрғыны, үш апта бұрын ауырып қалған. Денесінде қыштын бөртпелерге, оң жақ қабырға астындағы ауру сезіміне, жүрек айнуға, дене қызуының жоғарылауына шағымданады. Қарап тексергенде – көзінің шырышты қабаттарының аздап сарғыштығы, бауыры пальпация жасағанда ауырады. ЖҚА: эозинофилия 12% дейін. Көл маңында, үй жануарлары суғаратын жерде тұрады, сол жерде жиі шомылады.

Ықтимал диагноз:

а) описторхоз

б) дифиллоботриоз

с) клонорхоз

+d) фасциолез

е) трихинеллез

318. Төменде көрсетілген жануарлардың ішінен фасциолездің ақырғы иесі болмайтын жануарды көрсетіңіз:

а) инвазирленген адамдар

б) жұптұяқты

с) тақтұяқты

д) шошқалар

+е) иттер

319. Аймақтық соғыс уақыты кезінде жертөледе тұруға мәжбүр болған адамдарда стронгилоидоздың топтық өршуі пайда болды.

Аурудың жұғу механизмі мен жолын көрсетіңіз:

- a) георалді
- +b) геотегументалді
- c) акватегуметалді
- d) зоонозды ксенооралді трофикалық
- e) антропонозды ксенооралді трофикалық

320. Трихинеллез өмірлік циклы және берілу механизмі бойынша қандай биогельминтоздарға жатады:

- a) антропонозды ксенооральды
- +b) зоонозды ксенооральды трофикалық
- c) зоонозды ксенооральды форикалық
- d) геотегументалді
- e) акватегуметалді

321. Эхинококкоз өмірлік циклі және берілу механизмі бойынша қандай биогельминтоздарға жатады:

- a) антропонозды ксенооралді
- b) зоонозды ксенооралды трофикалық
- +c) зоонозды пероралді
- d) геотегументалді
- e) акватегуметалді

322. Эхинококкпен зақымдану қалай жүреді:

- a) соңғы иесімен контакт кезінде
- b) аралық иесімен контакт кезінде
- c) эхинококкпен ауыратын науқаспен контакт болса
- +d) инвазирленген сиыр сүтін қолданғанда
- e) инвазирленген жануар етін қолданғанда

323. Ер адам, 49 жаста. «Механикалық сарғаю» болжам диагнозымен хирургиялық бөлімшеге түсті. Құрсақ қуысы ағзаларын УДЗ зерттеуінде бауыр қақпасына жақын орналасқан эхинококкты киста анықталды.

Эхинококк үшін науқас қандай қожайын болып табылады:

- a) соңғы облигантты

- b) соңғы факультативті
- c) аралық облигатты
- +d) аралық факультативті
- e) қосымша

324. Ер адам, 49 жаста, аспазшы, жиі шикі фарштың дәмін татып көреді. Ұзақ уақыт бойы ауырады. Бас ауру, көрудің бұзылысы, есте сақтаудың төмендеуі, аяқтардағы әлсіздік, жүрісінің өзгеруі мазалаған. Осы уақытқа дейін глисттік инвазия диагнозы қойылған. Дефекация актісі кезінде құрт бөлінген. Өздігінен таныстарының кеңесі бойынша ем ретінде фенасал қабылдаған.

Гельминтоздың қандай асқынуы жайында ойлауға болады:

- +a) тениоз кезде цистоцеркоз
- b) тениаринхоз кезіндегі ОЖЖ зақымдалуы
- c) трихинеллез кездегі мидың зақымдалуы
- d) аскарида жұмырқаларының мида дамуы
- e) тосакароз кезіндегі мидың зақымдалуы.

325. Дифиллоботриоз өмірлік циклы және берілу механизімі бойынша қандай биогельминтоздарға жатады:

- a) ксенооралді трофикалық зооноз
- +b) ксенооралді тропикалық зооноз
- c) ксенооралді трофикалық антропоноз
- d) геотегументалді антропоноз
- e) акватегументалді зооноз

326. Ер адам, 49 жастағы Египет тұрғыны, ішектік шистосомозбен көп жыл көлемінде ауырады. Соңғы уақытта жалпы әлсіздік мазалап, салмағы төмендеген. Қарап тексергенде бозарған, сарғаю, аяқтарда ісіну, тәбетінің күрт төмендеуі, бауыры ұлғайған, консистенциясы тығыз.

Шистосомоздың қандай асқынуы болуы мүмкін:

- +a) бауыр фиброзы
- b) бауыр циррозы

- с)гГепатит
- d) панкреатит
- е)холецистит

### **Грипп (7)**

327. Гриппке тән синдром:

- a) ринит
- b) фарингит
- с) ларингит
- +d) трахеит
- е) пневмония

328. 30 жастағы ер адамға «Грипп» диагнозы қойылған:

Негізгі клиникалық синдром қандай?

- +a) интоксикациялық
- b) катаралді
- с) эксикоз
- d) артралгиялық
- е) геморрагиялық

329. Науқаста аздаған интоксикация белгілері мен «дөрекі» жөтел байқалады:

Сіздің диагнозыңыз:

- a) грипп
- +b) парагрипп
- с) аденовирусты инфекция
- d) риновирусты инфекция
- е) респираторлы-синцитиалді инфекция

330. Грипп кезінде тыныс жолдарының зақымдалатын бөлігі:

- a) көмей
- b) жұтқыншақ
- с) бронхты
- +d) кеңірдек
- е) альвеолалар

331. Ер адам, 20 жаста, диагнозы «Грипп».



Осы диагнозды дәлелдеуге қандай белгілер көмектеседі?

+ а) айқын улану симптомы

b) аздаған интоксикация

c) субфебрилитет

d) біртіндеп басталуы

e) айқын катаралді белгілер

332. 35 жастағы ер адамға «Грипп» диагнозы қойылған.

ЖҚА қандай өзгерістер тән?

a) лейкоцитоз

+ b) лейкопения

c) нейтрофиллез

d) эозинопефилия

e) ЭТЖ жоғарлауы

333. Ер адам, 31 жаста жедел ауырған, қалтырап, дене қызуы 39° С дейін көтеріліп, бұлшық еттері мен буындары қақсап, мұрны бітеліп, тамағы жыбырлап ауырған. Ауруының 2-ші күні қарап тексерген кезде бетінің қызаруы, ісінуі, көз тамыры шырышты қабатының инъекциясы, құрғақ жөтел, мұрынның бітелуі, тахикардия байқалады.

Қандай ауру туралы ойлайсыз?

+a) грипп

b) аденовирусты инфекция

c) менингит

d) парагрипп

e) бөртпе сүзек

**Жұқпалы мононуклеоз (8)**

334. Жұқпалы мононуклеоз қоздырғышы:

a) энтеровирус

b) бактерия

c) микоплазма

d) хламидия

+e) герпесвирус

335. Жұқпалы мононуклеоз кезінде жиі жұқтыру жолы:

- +a) ауалы-тамшылы
- b) алиментарлы
- c) контактылы
- d) жыныстық жолмен
- e) гемотрансфузиялы

336. 20 жастағы ер адамға «Жұқпалы мононуклеоз» диагнозы қойылған.

Қандай белгілер бұл ауруға тән?

- a) тұрақты қызба
- b) сарғаю
- c) паратонзиллярлы абсцесс
- d) спленомегалия
- +e) жайылған лимфаденопатия

337. 20 жастағы ер адамға «Жұқпалы мононуклеоз» диагнозы қойылған..

ЖҚА қандай өзгерістер осы ауруға тән?

- a) лейкопения
- b) эозинофилия
- c) ЭТЖ 30-50 мм/с дейін
- +d) атипитік мононуклеарлар
- e) нейтрофилдер

338. Жұқпалы мононуклеозге күмәндәнған кезде қандай аурулармен салыстырмалы диагноз жүргізу қажет?

- a) жедел бруцеллезбен
- +b) стрептококты баспамен
- c) сальмонеллезбен
- d) іш сүзегімен
- e) тұмаумен

339. Науқастың болжама диагнозы: «Жұқпалы мононуклеоз». Диагнозды дәлелдеу үшін қандай тексеру әдісі жүргізіледі?

- a) Райт реакциясы
- b) Видал реакциясы
- +c) Паул-Буннел реакциясы
- d) Бюрне сынамаcы
- e) Провачек риккетсиямен КБР

340. Ер адам, 23 жаста, бөлімшеге ауруының 7-ші күні мынандай шағымдармен түсті: тамағындағы ауру сезімі, жұтынған кезде ауру сезімінің күшеюі, басының ауыруы, жүрек айну, әлсіздік, зәрінің қараюы. Қарап тексергенде: тері жамылғылары, шырышты қабаты сарғыш, мойын және жақасты лимфа түйіндері пальпацияланады, аңқасында некротикалық баспа, гепатоспленомегалия, дене қызуы  $38,5^{\circ}\text{C}$ .

Сіздің болжама диагнозыңыз?

- +a) жұқпалы мононуклеоз
- b) лептоспироз
- c) вирусты гепатит
- d) сальмонеллез
- e) жедел тонзиллит

341. Ер адам, 23 жаста, бөлімшеге ауруының 7-ші күні мынандай шағымдармен түсті: тамағындағы ауру сезімі, жұтынған кезде ауру сезімінің күшеюі, басының ауыруы, жүрек айну, әлсіздік, зәрінің қараюы. Қарап тексергенде: тері жамылғылары, шырышты қабаты сарғыш, мойын және жақасты лимфа түйіндері пальпацияланады, аңқасында некротикалық баспа, гепатоспленомегалия, дене қызуы  $38,5^{\circ}\text{C}$ .

Диагнозды дәлелдеу үшін қандай реакция жүргізу қажет?

- +a) Паул-Буннел реакциясы
- b) Видал реакциясы
- c) Хеддльсон реакциясы
- d) микроагглютинация реакциясы

е) Провачек риккетсиямен КБР

### Герпестік инфекциялар (18)

342. Әйел адам 30 жаста, дене қызуы көтеріліп, әлсіздік дамыған, бүкіл денесінде дақты бөртпелер анықталған, кейіннен жаңа элементтер дамып, дақтар везикулаларға айналған, кей жерлерде жаралардың беттерін қабықша басқан. Бөртпелер шаштың арасына да шыққан. Үйінің төменгі қабатында тұратын көршілерінің баласында да осындай белгілермен жүрген инфекция болғанын айтады.

Сіздің диагнозыңыз:

- +a) желшешек
- b) қызылша
- c) қызамық
- d) менингококкты инфекция
- e) жәншәу

343. Желшешек кезінде бөртпеге байланысты салыстырмалы диагностикаға тән белгі:

- a) бөртпелерінің ретпен шығуы
- b) элементтердің қосылуы
- +c) бөртпелердің шаш арасына шығуы
- d) бөртпелер шырышты қабаттарға ғана шығады
- e) бөртпелер алақан мен табанға шығады

344. Жел шешектегі бөртпелердің сипаты:

- a) мономорфты
- +b) полиморфты
- c) бөртпелерінің ретпен шығуы
- d) элементтердің қосылуы
- e) аз бөртпелер

345. Жай герпес кезіндегі бөртпеге тән емес белгілер сипаты:

- a) шоғырлануы
- b) шықпай тұрып тері қышиды және ашиды
- +c) шықпай тұрып ісіну мен қызару байқалады

d) қатты ауыру

e) эрозиялар түзіліп, бетін қабықша басады

346. Цитомегаловирусты инфекцияда қандай эндокринді бездер зақымданады:

a) сілекей бездері

b) аналық без

c) ұйқы безі

d) қалқанша безі

+e) аталық без

347. Жай герпестің рецидивінде кездесетін шырышты қабаттағы зақымдану түрі:

a) тонзиллит

b) фарингит

c) глоссит

d) увулит

+e) афтозды стоматит

348. Жедел герпесті стоматиттің клиникасында кездесетін белгілер:

a) біртіндеп дамиды

b) қызба мен улану белгілері кездеспейді

+c) ауыз жұтқыншақтардың шырышында топталған серозды сұйықтығы бар бөртпелер

d) гепатолиеналді синдром

e) жергілікті ауру сезімінің болмауы

349. Терінің герпес инфекциясымен зақымдануын көрсететін белгілер:

a) жиі аяқ -қолда кездеседі

+b) шықпай тұрып тері қышуы және ашуы

c) теріде тыртықтар дамиды

d) бір- екі көпіршіктің пайда болуы

e) айқын ісік пайда болады

350. Біріншілік герпестік инфекцияға тән шырышты қабаттардың зақымдану түрі :

- a) тонзиллит
- b) фарингит
- c) глоссит
- d) увулит
- +e) афтозды стоматит

351. Рецидивті герпеске тән белгілер;

- a) афтозды стоматит
- b) герпестік баспа
- +c) терідегі везикулезды бөртпе
- d) «белдемелі теміреткі»
- e) гингивит

352. Герпестік инфекцияны емдеуде жақсы нәтиже көрсететін препарат:

- a) ремантадин
- b) виферон
- +c) ганцикловир
- d) рибавирин
- e) ацикловир

353. 17 жастағы әйел, мұрнының маңына қайталанып шығатын бөртпелер мазалайды.Объективті: мұрынның маңында қызарған және ісінген теріде серозды сұйықтығы бар бір - бірімен қосылған 3-5 көпіршіктер көрінеді. Интоксикация айқын емес, температурасы субфебрильді. Науқасқа қандый ем тағайындау керек?

- a) антибактериалдс май
- b) глюкокортикостероидты май
- c) десенсибилизациялаушы дәрілер
- +d) вирусқа қарсы дәрілер
- e) антибиотиктер

354. 32 жастағы әйел, бір жыл бұрын радикалды мастэктомиядан кейін сәулелі терапия қабылдаған. Қазіргі кезде 8 қабырға арасындағы жүйке жүйесі бойымен шыққан полиморфты элементтер: везикулалар, папулалар, эрозиялар шыққан, бөртпелер қатты ауырады. Ауруының алғашқы 3 күнінде әлсіздік, басының ауруы, дене қызуының  $38^{\circ}\text{C}$ - $38,5^{\circ}\text{C}$  көтерілуі байқалған.

Қандай диагноз қоюға болады?

- a) экзема
- b) тілме
- c) жайылған герпестік инфекция
- d) желшешек
- +e) белдемелі теміреткі

355. Жұқпалы мононуклеозды шақыратын қоздырғыш:

- a) энтеровирустар
- b) бактериялар
- c) микоплазмалар
- d) хламидиялар
- +e) герпес вирусымен

356. Жұқпалы мононуклеоздың кең тараған жұғу жолы:

- +a) ауалы - тамшылы
- b) алиментарлы
- c) контакттілі
- d) жыныстық
- e) гемотрансфузиялық

357. Жұқпалы мононуклеозға тән жалпы қан анализдегі өзгерістер:

- a) лейкопения
- b) эозинофилия
- c) ЭТЖ 30-50 мм/сағ
- +d) кең протоплазмалы мононуклеарлар
- e) нейтрофилез

358. 23 жастағы ер адам, ауырғанына 7 күн болғанда ауруханаға келген. Түскендегі шағымдары: жұтынғанда күшейетін тамағының ауру сезімі, басының ауруы, құсу, әлсіздік, буындарының ауыруы, зәрінің қою түсті болуы. Қарап тексергенде: тері мен шырышты қабаттары сарғыштанған, мойын және жақ асты лимфа түйіндері ұлғайған, аңқасында – некрозды баспа, гепатоспленомегалия, дене температурасы 38,5°C.

Сіздің диагнозыңыз:

- +a) жұқпалы мононуклеоз
- b) лептоспироз
- c) вируснды гепатит
- d) гепатодуоденалды аймақтың ісігі
- e) жеделхолецистит

359. 23 жастағы ер адам, ауырғанына 7 күн болғанда ауруханаға келген. Түскендегі шағымдары: жұтынғанда күшейетін тамағының ауру сезімі, басының ауруы, құсу, әлсіздік, буындарының ауыруы, зәрінің қою түсті болуы. Қарап тексергенде: тері мен шырышты қабаттары сарғыштанған, мойын және жақ асты лимфа түйіндері ұлғайған, аңқасында – некрозды баспа, гепатоспленомегалия, дене температурасы 38,5°C.

Диагнозды дәлелдеу үшін жүргізілетін зерттеу реакциясы:

- +a) Пауль-Буннель
- b) Видаль
- c) Хеддльсон
- d) микроагглютинация
- e) Провачек риккетциясымен КБР

### **Қызылша (6)**

360. Ер адам 20 жаста, жөтелге, көзінің жасаурауына, тамағының ауыруына, әлсіздікке, дене қызуының көтерілуіне, денесінде бөртпелердің пайда болуына шағымданады. 6 күн



бойы ауырған, ауырғанына 4 күн болғанда бетіне бөртпелер шыққан. Қарап тексергенде: жалпы жағдайы орташа ауырлықта, дене қызуы  $39^{\circ}\text{C}$ , склерит, конъюнктивит белгілері байқалады; бетінде, денесінде, дақты-папулезді бөртпелер анықталады, бөртпелер кей жерлерде қосылып кеткен; аңқасында, ұртында майда дәнді энантемалар анықталады.

Сіздің диагнозыңыз:

- a) жел шешек;
- +b) қызылша
- c) қызамық;
- d) менингококкты инфекция.
- e) скарлатина

361. Ер адам 20 жаста, жөтелге, көзінің жасаурауына, тамағының ауыруына, әлсіздікке, дене қызуының көтерілуіне, денесінде бөртпелердің пайда болуына шағымданады. 6 күн бойы ауырған, ауырғанына 4 күн болғанда бетіне бөртпелер шыққан. Қарап тексергенде: жалпы жағдайы орташа ауырлықта, дене қызуы  $39^{\circ}\text{C}$ , склерит, конъюнктивит белгілері байқалады; бетінде, денесінде, дақты-папулезді бөртпелер анықталады, бөртпелер кей жерлерде қосылып кеткен; аңқасында, ұртында майда дәнді энантемалар анықталады.

Диагнозды дәлелдеу үшін қандай зерттеу әдісін қолдану керек:

- a) преципитация реакциясы
- +b) ИФА
- c) агглютинация реакциясы
- d) комплемент байланыстыру реакциясы.
- e) иммуноблоттинг

362. 19 жастағы әйел, дене қызуы  $38^{\circ}\text{C}$  көтеріліп, жедел ауырған. Ринит, ларингит, конъюнктивит белгілері

анықталады. 3 күннен кейін алғашында бетінде, кейіннен денесінде, соңында аяқ-қолында дақты-папулезді бөртпелер пайда болған.

Болжама диагноз:

- +a) қызылша
- b) қызамық
- c) аллергиялық дерматит
- d) желшешек
- e) жәншәу

363. Қызылшаға тән белгі:

- a) Киари-Авцын симптомы
- +b) Бельский-Филатов-Коплик дақтары
- c) Мурсусимптомы
- d) «шымшу»симптомы
- e) Падалка симптомы

364.№ 264 бұйрыққа сәйкес « қызылша,қызамық, туа біткен қызамық инфекциясы және эпидемиялық паротитпен аурушылдықтың эпидемиологиялық бақылауын жетілдіру» қызылшаны клиникалық анықтау критерийлері:

- +a) дене қызуы, макуло-папулезді бөртпе, жөтел
- b) макуло-папулезді бөртпе, жөтел
- c) макуло-папулезді бөртпе, жөтел, мұрынан су ағу
- d) дене қызуы, конъюктивит
- e) жөтел, мұрынан су ағу, конъюктивит

365. Қызылшаға тән бөртпелер:

- a) розеолезді
- b) петехиалді
- c) розеолезді-петехиалді
- d) везикулезды
- +e) дақты-папулезді

**Жел шешек(11)**

366. 30 жастағы әйел адам үйге дәрігер шақырды: дене қызуы көтеріліп, әлсіздік дамыған, бүкіл денесінде дақты бөрпелер анықталған, кейіннен жаңа элементтер дамып, дақтар везикулаларға айналған, кей жерлерде жаралардың беттерін қабықша басып, бөрпелер шаштың арасына шыққан. Үйінің төменгі қабатында тұратын көршілерінің баласында осындай белгілермен жүрген инфекция болғанын айтады.

Сіздің диагнозыңыз?

- а) қызылша
- в) қызамық
- с) жәншәу
- +д) жел шешек
- е) герпес

367. 30 жастығы әйелге учаскелік дәрігер «Желшешек, орташа дәрежелі ауырлықта» клиникалық-эпидемиологиялық диагнозын қойды.

Науқасты жүргізу тактикасы:

- а) ауруханаға жатқызу
- в) емханаға анализ тапсыру үшін шақыру
- +с) үйде оқшаулап, ем тағайындау
- д) динамикада бақылау
- е) кеңес алу үшін инфекциялық ауруханаға жіберу

368. Жанұяда екі бала бар. Біреуі желшешекпен ауырып қалды. Екіншісі неше күннен кейін ауырып қалуы мүмкін?

- а) 5-6 күн
- в) 7-10 күн
- +с) 11-21 күн
- д) 22-30 күн
- е) 31-40 күн

369. Ауруханада желшешектің асқынған түрі деген диагнозбен науқас жатыр. Қандай вирусқа қарсы препарат тағайындайсыз?

- а) ремантадин
- в) замановир
- +с) ацикловир
- д) реленза
- е) интерферон

370. Желшешекте жиі кездесетін асқынулар:

- +а) пневмония, энцефалит
- в) колит, энтерит
- с) пиелонефрит, цистит
- д) миокардит, эндокардит
- е) артриттер, артроздар

371. 30 жастағы әйелге учаскелік дәрігер «Желшешек, орташа дәрежелі ауырлықта» клиникалық-эпидемиологиялық диагнозын қойды.

Қандай ем тағайындау керек?

- +а) базисті және симптоматикалық ем
- в) вирусқа қарсы ем
- с) антибактериалды ем
- д) витаминотерапия
- е) серотерапия

372. 30 жастағы әйелге учаскелік дәрігер «Желшешек, орташа дәрежелі ауырлықта» клиникалық-эпидемиологиялық диагнозын қойды.

Қай кезеңде науқасты оқшаулау керек?

- а) дене қызуы төмендегенше
- в) жаңа элементтер пайда болмаған кезеңге дейін
- с) қабыршақтар түзілгенше
- +д) ең соңғы қабыршақ түскенше
- е) оқшаулау керек емес

373. 30 жастағы әйелде желшешектің клиникалық көріністері бар. Үйінің төменгі қабатында тұратын көршілерінің баласында осы белгілері бар жұқпа болғанын анықталады.

Қандай берілу механизмі тән?

- а) фекалді-оралді
- в) контактілі
- +с) аэрогенді
- д) парентералді
- е) су арқылы

374. 30 жастағы әйелге аймақтық дәрігер «Желшешек, орташа дәрежелі ауырлықта» клиникалық-эпидемиологиялық диагнозын қойды.

ЖҚА осы ауруға тән байқалатын өзгерістер:

- а) лейкоцитоз, нейтрофиллез, ЭТЖ жоғарылауы
- в) лейкоцитоз, лимфоцитоз, ЭТЖ жоғарылауы
- +с) лейкопения, нейтропения, лимфоцитоз
- д) моноцитоз, атипті моноклеарлар
- е) анемия, тромбоцитопения, ЭТЖ жоғарылауы

375. Желшешекпен ауырған науқаспен қарым қатынаста болған адамдарды бақылау мерзімі:

- а) 10 күн
- +в) 21 күн
- с) 14 күн
- д) 30 күн
- е) 5 күн

376. 30 жастағы әйелге аймақтық дәрігер «Желшешек, орташа дәрежелі ауырлықта» клиникалық-эпидемиологиялық диагнозын қойды.

Ауру қандай қоздырғышпен шақырылған?

- а) бактериямен
- +в) вируспен
- с) риккетсиямен
- д) спирохетамен
- е) қарапайымдылармен

**Қызамық (4)**

377. Жүкті әйел, 28 жаста, 8-9 аптасында ауруханаға дене қызуының  $37,7^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілуіне, тамағының ауруына, денесінің бөртуіне шағымданып келген. Ауырғанына 3 күн болған: әлсіздік дамыған, үйінде емделмеген, кешеден бері бүкіл денесінде бөртпелер пайда болған. Объективті: жалпы жағдайы орташа ауырлықта. Есі анық, қимылы белсенді. Денесінде, арқасында, аяқ – қолында, әсіресе сыртқы аймақтарында майда дақты -папулезді бөртпелер анықталады. Мойнының артындағы лимфа түйіндері бұршақ пішініне дейін ұлғайған, аздап ауырады. Аңқасы аздап қызарған, бадамша бездері үлкеймеген, жабындылары жоқ.

Сіздің болжама диагнозыңыз:

- a) аллергиялық дерматит
- b) қызылша
- c) желшешек
- +d) қызамық
- e) иерсиниоз

378. Жүкті әйел, 28 жаста, 8-9 аптасында ауруханаға дене қызуының  $37,7^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілуіне, тамағының ауруына, денесінің бөртуіне шағымданып келген. Ауырғанына 3 күн болған: әлсіздік дамыған, үйінде емделмеген, кешеден бері бүкіл денесінде бөртпелер пайда болған. Объективті: жалпы жағдайы орташа ауырлықта. Есі анық, қимылы белсенді. Денесінде, арқасында, аяқ – қолында, әсіресе сыртқы аймақтарында майда дақты -папулезді бөртпелер анықталады. Мойнының артындағы лимфа түйіндері бұршақ пішініне дейін ұлғайған, аздап ауырады. Аңқасы аздап қызарған, бадамша бездері үлкеймеген, жабындылары жоқ.

Диагнозды дәлеледеу үшін қандай зерттеу жүргізу керек:

- +a) қызылша мен қызамықты анықтауға ИФА
- b) бактериологиялық зерттеу
- c) комплимент байланыстыру реакциясы

d) ұрықты УДЗ

e) құрсақ қуысының УДЗ

379. Жүкті әйел, 28 жаста, 8-9 аптасында ауруханаға дене қызуының  $37,7^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілуіне, тамағының ауруына, денесінің бөртуіне шағымданып келген. Ауырғанына 3 күн болған: әлсіздік дамыған, үйінде емделмеген, кешеден бері бүкіл денесінде бөртпелер пайда болған. Объективті: жалпы жағдайы орташа ауырлықта. Есі анық, қимылы белсенді. Денесінде, арқасында, аяқ – қолында, әсіресе сыртқы аймақтарында майда дақты -папулезді бөртпелер анықталады. Мойнының артындағы лимфа түйіндері бұршақ пішініне дейін ұлғайған, аздап ауырады. Аңқасы аздап қызарған, бадамша бездері үлкеймеген, жабындылары жоқ.

Диагноз дәлелдегендегі сіздің әрекетіңіз:

+a) амбулаторлы емделуге жіберу, гинекологтың кеңесін ұсыну

b) жұқпалы ауруға жатқызу

c) амбулаторлы емделуге жіберу

d) ұрықты УДЗ арқылы зерттеу

e) ем тағайындап, жүктілігін сақтауды ұсыну

380. Қызамыққа тән бөртпенің сипаты:

a) қызарған теріде шығады

b) белгілі ретпен шығады

c) бірігу тән

+d) бірікпейді

e) алақан мен табанға шығады

**Паротитті инфекция (8)**

381. Паротитті инфекцияда сілекей бездерінің зақымдануының типті белгісі:

a) пальпация кезінде қатты ауырсыну

b) жергілікті гиперемия

c) жергілікті гипертермия

+d) «қамыр» сияқты жұмсақ консистенциялы

е) бір жақты зақымдану

382. Урологиялық бөлімшеде науқас орхоэпидидимит деген диагнозбен жатыр. Ауырғанына 20 күн болған, дене қызуы  $38^{\circ}$  С дейін көтеріледі. Ауруының басында дене температурасының көтерілуі кезінде бетінің құлақ маңы ісінген, аздап ауырған, бір апта бұрын іші белдемелі түрде ауырып, жүрегі айнып, 5-6 рет құсқан, іші өткен, 2 күн бұрын дене қызуы қайта көтерілген, ал кеше оң жақ жұмыртқасы ісінген .

Қандай ауру туралы ойлау керек?

а) бактериалды орхит

б) хламидиоз

+с) паротитті инфекция

д) жұмыртқаның карциномасы

е) жедел бруцеллез

383. Урологиялық бөлімшеде науқас орхоэпидидимит деген диагнозбен жатыр. Ауырғанына 20 күн болған, дене қызуы  $38^{\circ}$  С дейін көтеріледі. Ауруының басында дене температурасының көтерілуі кезінде бетінің құлақ маңы ісінген, аздап ауырған, бір апта бұрын іші белдемелі түрде ауырып, жүрегі айнып, 5-6 рет құсқан, іші өткен, 2 күн бұрын дене қызуы қайта көтерілген, ал кеше оң жақ жұмыртқасы ісінген .

Дәрігердің тактикасы:

а) жұмыртқаны ота жасап алып тастау

б) антибактериалді ем

с) дезинтоксикациялық терапия

+d) жұқпалы ауруханаға ауыстыру

е) физиотерапиялық ем

384. 19 жастағы ер адам, ауырғанына 3 күн болғанда келіп түскен. Құлақ маңындағы сілекей бездерінің маңы ісінгеніне,



басының қатты ауруына, қайталанған құсуға шағымданып келген. Пальпациялағанда сілекей бездері «қамыр» сияқты жұмсақтау, аздап ауырады, Мурсу симптомы оң, дене температурасы  $39^{\circ}\text{C}$ , менингеалді белгілері оң. Лейкоциттер саны – 5.400 1 мкл қанда, ЭТЖ – 4 мм/сағ. Ликворда лимфоцитарлы цитоз.

Сіздің диагнозыңыз:

- +a) паротитті жұқпа, серозды менингит
- b) паротитті жұқпа, жедел панкреатит
- c) жедел ірінді сиалоденит
- d) менингококкты менингит
- e) цитомегаловирусты инфекция

385. Паротитті инфекцияның объективті белгілері:

- a) құлақтың артының ісінуі
- b) терісі қызарған
- c) терісі кернелмеген
- d) зақымданған бездер пальпациялағанда ауырады
- +e) зақымданған бездер пальпациялағанда ауырмайды

386. Паротитті инфекцияға тән асқыну

- a) пиелонефрит
- b) гепатит
- c) энтерит
- d) остеомиелит
- +e) орхит

387. Науқаста қызба, менингит белгілері, безді ағзалардың зақымдануы кезінде қандай ауру туралы ойлауға болады:

- a) герпестік менингит
- b) лептоспирозды менингит
- +c) паротитті менингит
- d) менингококкты менингит
- e) листериозды менингит

388. 19 жастағы ер адам, ауырғанына 3 күн болғанда келіп түскен. Құлақ маңындағы сілекей бездерінің маңы ісінгеніне, басының қатты ауруына, қайталанған құсуға шағымданып келген. Пальпациялағанда сілекей бездері «қамыр» сияқты жұмсақтау, аздап ауырады, Мурсу симптомы оң, дене температурасы 39°C, менингеалді белгілері оң. Лейкоциттер саны – 5.400 1 мкл қанда, ЭТЖ – 4 мм/сағ. Ликворда лимфоцитарлы цитоз.

Қандай зерттеу жүргізу қажет:

- +a) жұлын миының пункциясы
- b) бас миының КТ
- c) электроэнцефалограмма
- d) бас миының МРТ- сы
- e) бас миын УДЗ

### **Менингококкты инфекция(35)**

389.Менингококкты менингитке тән симптом:

- a) қызба, геморрагиялық бөртпе, естен тану
- +b) қызба, бас ауруы, құсу
- c) жеңілдік әкелетін құсу
- d) қызба, бас ауруы, геморрагиялық бөртпе
- e) қызба,бас ауруы, сұйық дәрет

390. Менингококкты менингитте жұлын сұйықтығына тән цитоз:

- a) лимфоцитарлы плеоцитоз
- b) аралас плеоцитоз
- c) цитозда эритроциттердің болуы
- +d) нейтрофилді плеоцитоз
- e) цитозда жаңа эритроциттердің болуы

391. Бас миының ісінуіне тән ерте симптом :

- a)+ тырысулар
- b) тахикардия
- c) гипотония

d) брадикардия

e) естен тану

392. Менингококкты менингоэнцефалитке тән айырықша клиникалық көрініс

a) менингеальды синдром

b) қызба

+c) естен тану

d) бас ауруы

e) геморрагиялық бөртпе

393. Менингококкцемияға тән айырықша клиникалық көрініс:

a) менингеальды синдром

+b) геморрагиялық бөртпе

c) қызба

d) бас ауруы

e) естен тану

394. Қыз бала, 16 жаста, лицейде оқиды. Емханаға ауруының 1-ші күні түсті. Ауруы жедел басталған, дене қызуының  $40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарлауы, бастың қатты ауру сезімі, жеңілдік әкелмейтін құсу мазалаған. Түскен кезде: жалпы жағдайы өте ауыр, сопор. Көз қарашығы кеңейген, жарыққа әсері бар. Шүйде бұлшықетінің ригидтілігі айқын оң байқалады, Керниг симптомы оң мәнді. Жалпы гиперестезия. Өкпеде везикулярлы тыныс. Жүрек ырғағы тұйықталған, пульсі 130 рет мин., АҚ – 100/50 мм.с.б.

Менингококкты инфекцияның қандай түрі туралы ойлауға болады?

+a) менингококкты менингит

b) менингококкцемия + менингоэнцефалит

c) менингококкцемия

d) менингококкты инфекция, менингококкцемия+ менингит

e) менингококкты менингоэнцефалит

395. Ер адам., 20 жаста, жедел ауырған: дене қызуы -  $40^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарлауы, бас ауруы, тәбетінің төмендеуі, әлсіздік, арқа мен аяқтың бұлшықеттердегі ауру сезімі байқалған. Келесі күні жамбаста, тізеде, аяқта геморрагиялық бөртпе пайда болды. Тері қабаты бозғылт. Шүйде бұлшық етінің ригидтілігі байқалады. АҚ  $90/60$  мм рт.ст., пульс 100 рет/мин. ЖҚА: лейкоц. –  $20 \times 10^9$  /л., лейкоформуланың солға ығысуы, миелоциттерге дейін. ЭТЖ-40 мм/сағ, тромбоциттер 120 мың. Жұлын сұйықтығында: түсі бұлыңғыр, ағуы қысыммен, Панди реакциясы (+++), нейтрофилді цитоз.

Менингококкты инфекцияның қандай түрі туралы ойлауға болады?

- a) менингококкты менингит
- b) менингококкты менингоэнцефалит
- c) менингококкцемия
- +d) менингококкцемия+ менингит
- e) менингококкцемия+ менингоэнцефалит

396. Бозбала, 16 жаста, ауру басталуынан 7 сағаттан кейін ауыр жағдайда түсті. Жедел қызбадан басталған, бас ауруы мен құсу, дене қызуы  $39^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылаған. 4 сағаттан кейін тері қабатында геморрагиялық бөртпе пайда болды. Түскен кезде температурасы  $36,5^{\circ}\text{C}$ , еңтігу, цианоз, қимыл-қозғалысының қозуы, жіп тәрізді пульс, АҚ  $60/40$  мм. с. б. Менингококкты инфекцияның қандай түрі туралы ойлауға болады?

- a) менингококкты менингит
- b) менингококкты менингоэнцефалит
- +c) менингококкцемия
- d) менингококкцемия+ менингит
- e) менингококкцемия+ менингоэнцефалит

397. Бозбала, 16 жаста, ауру басталуынан 7 сағаттан кейін ауыр жағдайда түсті. Жедел қызбадан басталған, бас ауруы

